



Индекс 75579

*Ақторғын қаңтар*



# Жас өркен Қостанай

e-mail:mediacentr\_kgu@mail.ru



1  
2015

Гуманитарлық-әлеуметтік факультеті Шетел филологиясы кафедрасының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты Меңзада Сәмәмбет

## Орал Мұхамеджанов

Қостанайдың құнарлы топырағынан түлеп ұшып, халқының мақтанышына айналған азаматтың бірі Орал Мұхамеджанов болатын. Ол 1948 жылы 11 қарашада Қостанай қаласында туған. Орта білім алғаннан кейін, Новосібірдегі кооперативтік сауда институтын бухгалтер-экономист мамандығы бойынша тәмамдаған. Алматы жоғарғы партия мектебін бітірген, политолог. Кеңес Одағы кезінде Орал Байғонысұлы шаруашылық және партия қызметтерінде болды. Ол Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, Президент аппаратында жауапты қызметтер атқарды. 2004 жылы Парламент Мәжілісінің депутаттығына сайланды, сол кезден бастап Қазақстан парламентаризмінің қалыптасуы мен дамуына еңбек сіңірді. Орал Мұхамеджанов үшінші, төртінші және бесінші шақырылымдағы Парламент



Мәжілісінің депутаты, екі мәрте Мәжіліс Төрағасы қызметін атқарды. Оның өз сөзімен айтсақ, «Қазақстан Парламенті әлемдік парламентаризм қағидаттарына сәйкес жұмыс істейтін, заң шығару тәжірибесі толысқан мемлекеттік саяси құрылымның маңызды бөлігіне айналды». Белгілі мемлекет қайраткерінің айтқан ойлары, сөйлеген сөздері Парламент мұрағатында мәңгілік сақталып қалады.

Орал Байғонысұлы көзінің тірісінде: «Парасаттылық та тектіліктен келеді» деген екен. Бұл сөз оның өзінің өмірі секілді. Оның арғы атасы ақын Өтеулі, атасы Мұхамеджан әншілігімен қазақ даласына белгілі болған жандар. Өз әкесі Байғоныс Қостанай облыстық филармониясында әнші болған. Текті атаның баласы да өнерден құралақан емес және зиялы адам еді. Орал Мұхамеджанов 2013 жылы 15 қазанда қайтыс болғаннан кейін ол туралы «Адам, тұлға, азамат» атты естеліктер кітабы жарық көрді. Онда елінің сүйікті ұлына айналған оның тұлғасы жан-жақты ашылады.

(Орал Мұхамеджанов туралы материалды журналдың 22-23 беттерінен оқисыздар).

## Өлкетануға арналған оқулық

Оқырмандар қолына өлкетанушы Қуаныш Ормановтың «Ел мен жер және тұлғалар тарихы» атты кітабы тиді. Осы кітаптың алғашқы беттерін парақтағанда-ақ басқаны былай қойғанда, қостанайлық оқырман «Қостанай-Торғай өлкесінде метеориттің түсуінен пайда болған көлдің бар екені, қайыңның еш жерде жоқ «табантал» деген түрінің, биіктігі 35-40 метрге, діңі 1,5 метрге жететін балқарағайдың өсетіні, көшпелі құмдар, Торғай даласындағы космостан түсірілген суреттер секілді табиғат тамашалары мен тылсымдарын қалай білмегенмін?» деп таңқалары анық. Кітап өлкенің табиғатымен шектелмейді. Біздің дәуірімізге дейінгі және жаңа дәуірден бүгінге дейінгі тарихта осы өңірдің мол үлесі бар екені жөнінде нақты деректермен қызықты әңгімелейді. Әлемге әйгілі арғы-бергі тарихшы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, Торғай даласы мен Тобыл өңірінің Нұқ пайғамбардың Иафес деген ұлынан тарайтын ұрпақтарының мекеніне айналғанын жазады.

Ағылшын зерттеушісі Мэри Бойстың жазғандарына сеніммен қарайтын автор: «Тәңіршілдік дінінің ізін баса, сол діннің негіздеріне сүйене отырып, өзіндік талап-тілегі қалыптасқан, айтылар ой мен іс бір жүйеге келтірілген дін – Зороастризм діні, яғни Күнге табынушылар дінінің пайда болған жері де Ұлы дала» дейді. Лисаков қаласы түбінен табылған археологиялық қорымнан қазылып алынған түбінде діни белгісі бар құмыралар, Денисов ауданында әлі қазылмай жатқан, ресейлік ғалымдардың айтуынша, көлемі Арқайымнан да үлкен қала соның

айғағы десек болады. Қостанай қаласы түбінен табылған «Тобыл ойшылы» аталып еткен тас мүсін әлі құпиясын аша қойған жоқ. Кітап оқырманын осындай қызықты танымдық деректермен жетелеп отырады.

Автор Қостанай-Торғай өңірінен шығып, елге тұтқа болған тұлғалар мен бүгінгі ұрпақ есімдерін естисе де терең білмейтін, тіпті аты-жөні осы кезге дейін ескерусіз қалған туған жер тұлғалары туралы да баяндайды. Мұның барлығы да жас ұрпақ үшін танымдылығымен құнды екені белгілі. Сондықтан автор оқырманға арнау сөзінде еңбек мақсат-міндеттеріне тоқтала келіп: «... орыс пен қазақ тарихшыларының, тіпті көп жағдайда көзге түсе қоймайтын, неге екені белгісіз, әлі күнге дейін ғылыми қолданысқа ене қоймаған жазбаларын аша түсудің нәтижесінде ескелең ұрпаққа өзінің туып өскен елі мен жері жайында, бұл өлкеден қанат қағып ұшқан тұлғалар, ел мақтанышына айналған жандар жайында мол дерек беру» дейді.

Жас ұрпақтың патриоттық тәрбиесіне үлес болып қосылатын бұл еңбектің дүниеге келуіне Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры Қуат Баймырзаевтың тікелей бастамасымен құрылған білім ордасындағы ғылыми орталықтың ықпалы зор болғанын айту ләзім. Институтта соңғы жылдары «өлкетану курсы» факультеттердің барлығында элективтік пән ретінде жүргізіледі. Курс сапалы болуы үшін орталық көптеген іс-шараларды қолға алған. Өлкетанушы Қуаныш Ормановтың оқулық ретінде ұсынылып отырған «Ел мен жер және тұлғалар тарихы» кітабы соның жемісінің бірі.

Әмина ЖУАСПАЕВА



РЕДАКЦИЯНЫҢ  
МЕКЕН-ЖАЙЫ:  
11000, Қостанай қаласы,  
А.Байтұрсынов көшесі,  
47-үй, 220 бөлме.  
Медиа – студия.  
«Жас өркен - Қостанай»  
журналының редакциясы.  
Байланыс телефондары:  
қалааралық  
8-7142-51-11-67,  
Факс 51-11-95  
Ұялы 8(701) 1509443

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, кері қайтармайды.  
Журналдың қажетті сандарын редакциядан сатып алуға болады.  
Бағасы келісімді.  
«Жас өркен-Қостанай» журналына демеушілік көрсетем деушілерге мына есеп-шотымызды ұсынамыз:  
РМҚК «А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті»  
ИИК KZ83856000000079688  
РНН 391700052352,  
БИН 990240005319  
БИК KСJBKZKX  
РНН банка 391700078345  
БИН банка:980841000472  
Кбе 16

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп «Қостанайполиграфия» ЖШС баспаханасында басылды.  
110007, Қостанай қаласы,  
С.Мәуленов көшесі, 16.  
Басуға 13.02.15 ж.  
қол қойылды.  
Көлемі 32 бет,  
Офсеттік басылым.  
Тапсырыс № 640  
Таралымы 1000 дана.

Баспахана түпнұсқасы нашар суреттердің сапасына жауап бермейді.

# Еңбекпен бағындырған биіктік

Биыл Қостанай мемлекеттік университетінің Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің құрметті доценті, биология ғылымдарының кандидаты Күләй Оразғалиқызы Сулейменова мерейлі жасқа толып отыр.

Ол 1955 жылы Ресей өңірінің Қорған облысында дүниеге келген. Троицк қаласындағы Ветеринарлық институтты тамамдаған. 2000 жылы Урал ветеринарлық медицина академиясының аспирантурасын бітіріп, 06.02.05 – биология, физиология және биотехнология мамандық шифр бойынша кандидаттық диссертацияны, биология ғылымдарының докторы, профессор А.И. Кузнецовтың ғылыми жетекшілігімен қорғаған.

Күләй Оразғалиқызы өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға. Көп жылдан бері ветеринария саласында тынымсыз еңбек етіп, осы жолда көп белес-биіктерден өткен жігерлі жан. Көптеген ғылыми еңбектердің авторы. Бойындағы еңбекке адал, мақсатқа берік қасиеттерінің арқасында бүгінде оқымысты ғалым, ұстаз атанып отыр. Әріптестері оны ақылман басшы, іскер ұйымдастырушы, жарқын бастамалардың қолдаушысы ретінде ерекше бағалап, құрмет тұтады. Ғылымның жолы қандай ауыр екенін Күлекеңнен сұра дер едік. Ол ғылымдағы биігін еңбекпен бағындырған ғалым.

**Күләй Оразғалиқызы!** Мерейлі сәтте ақ ниетпен Сізге мықты денсаулық, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібе-дәулет тілейміз. Еңбекте толағай табыстарға, биік шыңдарға жете беріңіз, абырой-беделіңіз бен табыс-



тартуларыңыз арта берсін. Төңірегіңізге шашқан адамгершілік нұрыңыз ортаймасын. Қашан да қадірлісіз. Өзіңізге зор денсаулық, амандық тілейміз. Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

**Ізгі ниетпен: Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің Ветеринарлық медицина кафедрасындағы әріптестеріңіз.**



# Жас өркен Қостанай

№ 1(74) қаңтар-ақпан, 2015 жыл

**МЕНШІК ИЕСІ:**  
Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

Кенжеғали САҒАДИЕВ (төраға)  
Төлен ӘБДІКОВ  
Хұсайын УӘЛИЕВ

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Асқар НӘМЕТОВ (төраға)

Амангелді ШӨРЕНТАЕВ  
Медиа-студия меңгерушісі

Нәзира ЖӘРІМБЕТОВА  
шығарушы редактор

Роза КӨБЖАНОВА  
менеджер-дизайнер

Журнал ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылы 18 қарашада тіркеліп, 3386-Ж куәлігі берілген. Екі айда бір шығады. Редакцияға келіп түскен хаттар әдеби өңделеді, қысқартылады, ойы сақталып түзетіледі. Көлемі үш компьютерлік беттен асқан материалдар қабылданбайды.

## Елбасы еңбек туралы



Тәуелсіздік алу бар, оны сақтап қалу бар. Тәуелсіздікті алудан тәуелсіздікті сақтап қалу қиын. Тәуелсіздікті сақтап қалатын елдің мықты экономикасы, мықты қорғанысы, са-

уатты азаматтары болуы керек. Мықты экономика еңбексіз қалай болады? Елдің бәрі еңбектеніп, әрқайсысы өзі үшін, табыс табу үшін, отбасын асырау үшін, демалыс үшін еңбек етеді де, алдымен өзіне, сосын мемлекетке пайдасын тигізеді. Еңбекпен зауыттар, фабрикалар салынады, ғылым дамиды, кітаптар жазылады. Сондықтан тәуелсіздік пен еңбек екеуі сабақтас. Еңбек адамның өзін өсіреді. Еңбек адамның өзіне-өзін сенімді етеді. Еңбек адамға табыс береді, еңбек адамға дәреже береді, еңбек адамға лауазым береді. Арманына жеткізеді. Еңбексіз адам арманына жете алмайды. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық Аздырар адам баласын» деген Абайдың сөзі естеріңізде болса, еңбек пенен тәуелсіздік екеуі бірге жүреді. Сондықтан мен жастарға ең маңыздысы осы екенін айтып келемін. Адамның қандай мамандықты таңдағаны маңызды емес, оны кемелдікке жеткізуге, өз ісінің шеберіне, кәсіпқойына айналуға тиіс. Сонда оны жұрт сыйлайтын, бағалайтын болады. Өмірден ол өз орнын табады.

**(Нұрсұлтан Назарбаевтың еліміздегі жетекші телеарналар журналистеріне берген сұхбатынан)**



## Инфрақұрылым — дамудың кепілі



Сансызбай  
ЖИЕНТАЕВ,  
А.Байтұрсынов  
атындағы Қостанай  
мемлекеттік  
университетінің  
профессо-  
ры, экономика  
ғылымдарының  
докторы

Дүниежүзілік экономикалық кеңістіктегі бәсебілік кез-келген елдің әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне ықпал етіп отыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында айтылған инфрақұрылымға байланысты мәселелердің өзектілігі де осыған байланысты. Дүниежүзіндегі мемлекеттерді шарпыған экономикалық-қаржылық дағдарыс мемлекеттердің ішкі қуатына сынақ болары сөзсіз және оған дайындығы мықты ел ғана төтеп береді. Дағдарыс бір мемлекетті тұралатса, екіншілерінен «сырғып» өте шығуы да ықтимал. Сондықтан Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Экономиканы дамытуда жаңа сыртқы тәуекелдерді есепке ала отырып, бізге іскерлік белсенділік және жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін жаңа бастамалар қажет. Жаңа Экономикалық Саясаттың Тұғыры мен бүгін жариялағалы отырған Инфрақұрылымдық дамудың жоспары болады» деп ерекше атап көрсетті.

Ауыл шаруашылығының құрылымын реформалау үдерісінің барысында маңызды өзгерістер болды. Ауылдағы шаруалардың маңдай терімен өндірілген өнімді өңдеумен айналысатын ет комбинаттары, сүт комбинаттары, элеваторлар, қант заводтары секілді бұрынғы мемлекеттік меншіктегі кәсіпорындар қайта құрылды. Бұрынғы алпауыт кәсіпорындардың орнына шағын өндірушілер желісі көбейді. Соңғы уақытта ауылшаруашылық өнімдерін ұқсататын кәсіпорындардың саны 5 мыңнан асып жығылады. Ауыл шаруашылығын техникалық құралдармен, қосалқы бөлшектермен, минералдық тыңайтқыштармен және өсімдік зиянкестеріне қолданатын дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ететін де жеке меншік кәсіпорындар қамтамасыз етеді және жөндеу қызметтерін көрсетеді.

Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілетті салаларын дамыту және ауылшаруашылық өнімдерінің басымдық сипатқа ие түрлерін өндіруді ырғақты жолға қою мақсатында Үкімет бағдарламалар бекітті. Ол арқылы аграрлық саланы жаңа

деңгейге көтерген агротехнологиялар келді, ішкі нарықтағы импорттық өнімдерді азайтуға, экспорттық әлеуетті күшейтуге бағыттаған маркетингтік стратегия жасалды. Алайда, ауыл шаруашылығына жүргізілген реформаның алғашқы жылдарындағы қиыншылықтар аграрлық саланың нарық жағдайында қалыптасуына, оның өндірістік инфрақұрылымының дамуына салқынын тигізбей қоймады. Жылдар бойы қалыптасып қалған өңіраралық және салааралық шаруашылық байланыстардың бұзылуы ауыл шаруашылығын күйзелісті дағдарысқа ұшыратқаны белгілі. Алдын ала дайындықсыз, ойластырылмай, ауыл шаруашылығының аумақтық және салалық ерекшеліктері ескерілмей жүзеге асырылған жекешелендіру үдерісі осы саладағы өнімділікті құлдыратты.

Ауыл шаруашылығының дамуына көлденең тұрған көлеңкелі жағдайлардың барлығы да осы агроөнеркәсіптік кешеннің ерекшеліктерін ескермеуден орын алды. Мемлекеттік реттеу мен араласуды барынша азайтып, нарыққа басымдық берілді. Жекеменшікті және фермерлікті дамыту ауыл шаруашылығын, агроөнеркәсіптік кешенді қайта құрудың, елімізді азық-түлікпен қамтамасыз ету проблемасын шешудің тетігі етіп алынды. Реформаның нәтижесі көрсеткендей, сол кезде нарықты тым асыра бағалағанымыз және агроөнеркәсіптік кешенді дамытуда мемлекеттің рөлін тым төмендетіп жібергеніміз де байқалды. Мұнымен қатар «фермер елді асырайды» деген ойдың теориялық та, экономикалық жағынан да нақтыланған дәлелі болған жоқ. Уақытында көптеген отандық экономистер бұл ұстанымды құптамағанымен, олардың дәлелдері ескерілмеді.

Кез-келген мемлекетте экономиканы реформалау барысында алдымен инфрақұрылымды дамытуға басым бағыт беріледі. Өндірістік инфрақұрылымды құрудың түрлі кезеңдерінің өндірістік үдерістің дамуына да түрлі әсері болатыны белгілі. Өндіріс қалай дамыса оның инфрақұрылымы да соған сәйкес ілгері басуы тиіс. Олар бір-біріне баламалы сипат

## Бетті әжім торламасын десеңіз..

Теріні таза әрі нәзік, бетті шырайлы қалпында сақтауға, әжімді болдырмауға деген талпыныс – табиғи тілек. Бұл көбінесе организмнің жалпы жағдайына, асқазан мен ішектердің бірқалыпты қызметіне байланысты болады, сол сияқты бетті таза өйнек пен айнаға тигізгенде дақ қалса, майлы болғаны. Тамақтанудың атқаратын рөлі ерекше. Тамақтанғанда алкогольді, семіз ет тағамдарына, татымдық нәрселерге және түрлі қоздырғыштарға (мысалы, кофеге) тым әуес болмаған жөн. Тамақтың құрамында дәрумендер көп болуы шарт.

Жылдың қай мезгілінде болсын бет терісі ерекше күтімді қажет етеді. Бет терісін күтуде алдымен бет теріңіздің қай түріне жататынын майлы немесе құрғақ екенін анықтап алу қажет, алайда көп адамдар анықтамай жатып, кремді қалай болса солай жаға береді. Ол үшін ең алдымен бетті жуғаннан екі-үш сағат өткеннен кейін жұмсақ қағаз салфеткамен немесе папирос қағазымен сүртіп тексеріп көруге болады. Бет терісі түріне қарай құрғақ, майлы, біріктірілген (комбинированный) және қалыпты болуы мүмкін. Оны анықтау үшін бетті тазартқыш құралдардың көмегімен тазалап, 3 сағаттан кейін қағаз майлықтың бірін маңдайға, тағы бірін бетке 15 секунд қойып көруге болады. Майлықтарды салыстыру барысында екі майлықта да май дағы байқалса, онда терінің түрі қалыпты болып саналады. Майлықтың кез келгенінде май дақтары өздері байқалса, онда тері құрғақ екенін көруге болады. Ал екі майлыққа да май көп мөлшерде сіңген болса, ол майлы тері болып табылады. Егер қағаз майлықтың біріндегі май дағы, екіншісінде көбірек болса, тері түрі біріктірілген болып табылады. Құрғақ теріге майлы теріге қарағанда әжім әжептәуір байқалады. Ал майлы теріде әжім аса байқалмаса да, безеу, бөртпе сияқты нәрселер әуес. Ал кейбір адамдардың бет терісі құрғақ та майлы келеді, сондықтан мұндай адамдардың бет терісі көпке дейін тегіс, ешбір бүдірсіз болып, әжім түспейді. Бұған сеніп, бет күтуге мүлде көңіл

бөлмеу дұрыс емес. Керісінше жас ұлғайған сайын бет күтуді қолға алған артық емес. Өйткені есейген сайын тері құрғақтана бастайды.

Егер өзіңіз жақсы өмір сүруге ұмтылсаңыз, мейілінше көңілді жүрсеңіз, оның барлығы сіздің бет әлпетіңізден-ақ байқалады. Күнделікті таңертең тұра сала айнаға қарап, өзіңіздің өдемі екеніңізге көз жеткізіңіз. Өзіңізді ретке келтіріңіз. Теріңізді күннен, желден, суықтан қорғауыңыз керек. Ол үшін арнайы косметика өнімдерін қолдануға жөн келеді. Өз басым, боянбай үйден ешқашан шықпаймын. Оған арнаулы 10-15 минут уақытымды бөлемін. Қысқы аяда желден құрғай бастаған адамның бет терісіне көктемде көмек қажет-ақ. Ал көктемде, барлығымыз да өдемі көріңіз келетіні рас. Оған көмекке қажет табиғи заттар әрқайсымыздың үйімізден табылады. Үй жағдайындағы күтімнің де бет терісіне өзіндік пайдасы бар. Табиғи өнімдерден өртүрлі маскалар қолдану бет терісін тазалауға, нәрлендіруге және ылғалдандыруға

көмектеседі. Тек теріңіздің қай типке жататынын білсеңіз болғаны. Оған қоса, кабинеттерде, үйлерімізде ауаны құрғатып, жылу пештерін, кондиционерлерді қосымша пайдаланамыз, тіпті әр қайсымыз тәулігіне бірнеше сағат компьютердің алдында отырамыз. Оның да бет терісінің құрғауына, ескіруіне тигізер зияны мол. Ондай жағдайда, тері ылғалдылығын жоғалта бастайды. Сондықтан жұмыс арасында сүт немесе көк шай ішіп тұруға, түскі үзілісте серуендеуге дағдыланыңыз. Шаң көп болатын жағдайларда істейтін адамдардың жұмыстан кейін бетін губкамен немесе жұмсақ шүберекпен мұқият жуып, сұйық крем қолданған жөн.

Әдемілікті ұзақ сақтау үшін ескерттерлік жайт, күннің көзінде ұзақ болмау. «Әдемілік әлемді құтқарады» дейді. Әлемді құтқаруға сіз де атсалысыңыз.

Әйгерім БАЙҚАСОВА  
ҚМУ ГЭФ журналистика  
мамандығының 3 курс студенті



# Ажал құтқарған қиындық

(Әңгіме)

Таңның атқанынан бастап Торғай даласының шаңы бұрқырап, қыс болса бораны бұрқап халықты қатал ауа-райымен әуреге салады. Әрбір бұрқыраған Торғай топырағы көне тарихтан сыр шертетіндей. Тарихтың қайнар көзі, қаншама ақын-жырауладың, батырлардың кіндік қаны тамған жер өзінше ерек, өзінше киелі. Торғайдың әр ойпаты, әр жазығы кішкентай жердегі тастарының өзі ерекше бір әуендетіп, мұң басып тұрған спетті. Осындай киелі дала секілді жан-жарасын, зарын, мұңын әуендетіп тұрғандай бір жан бар. Әлі бесіктен белі шықпаған 11 жастағы тентек, шала жетім бала Самат. Жетімдіктің дәмін ерте тартқандықтанба, әлде қамқорлықтың, жанашырлықтың болмағандығынан ба Самат өзі біреудің ала жібін аттайтын, өтірікті суша сапыратын, арамдау пиғылды бала. Самат менің танысым, Жан-сая апайдың баласы. Бірақ, анасы «өз күнімді өзім көремін» деп, Саматты нағашы апасының қолына тастап кетті. 5 айлығынан бастап сол үйде өсті.

Бойы өсіп, сана сезімі жетілген соң жетімдіктің зардабын шегіп, қиналған қамқорсыз жанға айналды. Қанша жерден нағашысы болса да, Кенжегүл апасы сиғызбай, түртпектеп маза бермей, жанын қиналысқа салды. Менің өз көзіммен көріп жүрген күндегі көрінісім ол Саматтың таяқжел, ышқына айқайлап, жылаған бейнесі. Ол кейде біздің үйге келеді, екуміз біраз сырласамыз. Маған қаншама ішіндегі мұңын, ашу ыза-сын айтқысы келгенімен ішінде ұстап, жасырып қалады. Жан дүниесінің қиналғанын мен айтпса да көзінен көріп тұрамын. Иә шынымен де солай.

Самат үшін дүниедегі ең ауыр нәрсе ол апасының өзіне қиындық көрсетуі. Кейде оның көзі көгеріп жүреді. Өзінен сұрасаң ештеңе білдіргісі келмей, әрқашан өтірік күлімсіреп «есікке соғып алғанмын» дейді. Апасында аюанға теңеуге болмас, бірақ аюандық жасап жатқанына не дейсің. Таңның атқанынан бастап, кештің батқанына дейін бала Саматтың көретіні қорлық, ұрып-соғу. Тек ұрып соқса ештеңе етпейді ғой, оны пышақпен қорқытып, мойнына тығып қансыратады. Саматты тек ол үйде түнеп, отын жағады демесеңіз ол тірі өлік. Ешқандай орны жоқ, бейбақ бейшара жан. Кейде оны қатты аяп отырып жылап-алам, оның орнына өзімді қойып та көрем. Егер Саматтың орнында мен болсам әлдеқашан қорлыққа шыдамай, өзіме қол жұмсар едім. Ал ол мықты, шыдамды жан. Өзі сабақты беске оқиды. Орыс тілін жетік біледі. Орысша сөйлегенде, орысың қайсы, Саматтың қайсы ажырата алмайсың.

Мен бір күні көлік жуып жатқанмын, қасыма Самат келді. Көлікке отырды, әуен қосты, қызығып біраз жүрді. Сосын менде оның көңілін көтерейін деп «көлікті жүргізіп көресіңбе?» дедім. Ол ойланбастан «иә көлікті тізгіндеп көрейін» деп жауап қатты. «Онда мен көлікті жуып болғанша күте тұр» деп отырғызып қойдым. Көлікті жуып болдым да, Саматты отырғызып жолға шығып, «ал отыр

рөлге» дедім. Самат «уф биссіміллә» деп қозғалтқышты іске қосып, көлікті мөңкіте жөнелді. Бұрын ол көлік тізгіндеп көрмегендіктен менің мазам кетіп, қорқып отырдым. Біз қатты жылдамдықпен келе жаттық. Сол сәтте алдымыздан кішкентай бала шыға келді. Саматқа айқай салып «тежегішті бас» дедім. Ол сасқанынан оң жаққа бұрып, баланы жанай соғып, жолдан шығып барып тотады. Екеуімізде зәре жоқ, дір-дір етіп отырмыз. «Қайыршыға жел қарсы» демекші екумізге бұл бір үлкен қиындық болды. Көліктен түсіп, артымызға қарайық десем, бала ендігі бақилық болып кеткен шығар деп зәреміз зәр түбіне кетті. Содан тәуекелге бел буып, түсіп барып қарасақ, бала сап-сау тек саусағы қайырылып қалыпты. Екеуіміз қуаныштан жылап жібердік. «Бір жерің ауырып тұрма?» деп сұрасақ, ол үндемейді. Қайта-қайта сұрадық, ол жауап қатпады. Сөйтсек бала қатты қорыққаннан тілін ішіне жұтып қойып, тұншығып жатыр екен. Қуанышымыз су сепкендей басылды. Кішкентай бала тұншығып ажал мен өмірдің ортасында тұр. Маңайда көмек

көрсететін ешкім жоқ. Сөйтіп баланың көзі аларып, аяғы дірілдей бастады. Біз сасқалақтап не істерімізді білмей дал болдық. Содан теледидардан көрген бір әдісті жасауға бел будым. Саматқа «тез пышақ және трубка тәріздес бір нәрсе алып кел» деп, айқай салдым. Ол жүгіріп барып көліктен пышақ және бір кір-кір шланға алып келді. Мен дірілдеп тұрып кішкентай 5 жасар баланың тамағын теспекші болып пышақ тақадым. Тәуекелге бел буып баланың тамағын пырс еткізіп тестім де, әлгі кір шланғаны үстіме шала-пыла сүртіп, әлгі тескен тамағына тықтым да басын жоғары көтердім. Бала көзін ашты, демала бастады. Тездетіп көлікке салып алып ауруханаға апардық, бала аман қалды. Иә ол қуантарлық жағдай. Бірақ әлгі кішкентай бала мәңгі кеміс болып қалды. Оның тамағында кетпейтін тыртық және дауысы өзгеріп кетті. Баланың ата-анасы мейірімді, кешірімді жандар екен бізді кешіріп, баласының қасынан кетпей, ауруханада қалды. Сөйтіп ойынымыздан от шығып, біреудің обалына қалдық. Енді кішкентай қыз жақсарды, ал үйге қай бетімізбен барамыз, не дейміз?

«Далада қонбайтын шығармыз» деп амал жоқ үйге бардық. Менің ата-анам бұны естіп уайымдап, маған қатты ұрысты. Ал Саматты Кенжегүл апасы ұрып соғып, буындырып байлап тастапты. Оны буындырып байлаған күйі жертелеге қамапты. Содан апасының ашуы басылғанын Саматты барып қараса, ол қатты буындырып байлағаннан өліп кетіпті. Мен осындай қателігімнен досымнан бір сәтте айырылып қалдым. Саматты апасынан көрген қорлық-зомбылықтарынан осылайша ажал құтқарды.

**Әлихан АСҚАРҰЛЫ,**  
ҚМУ ГЭФ журналистика факультетінің  
1-курс студенті



алуы керек. Ел экономикасының аграрлық секторы ырғақты дамуы үшін өндірілген өнімнің көлемі емес, оны ұқсату бәйге атындай қатар еріп отырса игі. Ол өнім өндіруді ұйымдастыру, ауыл шаруашылығы ресурстарын тиімді пайдаланудағы маңызды күш – өндірістік инфрақұрылым екені айқын.

Ауыл шаруашылығы өндірісі, онда өндірген өнімді ұқсату, тұтыну деңгейіне жеткізу, оны сату – міне, осының барлығы да қалыпты ырғаққа түсу үшін өндірістік инфрақұрылым саланың қосалқы жүйесіне айналуы тиіс. Сараптама көрсеткендей, ауыл шаруашылығы өндірісінің түпкі нәтижесі оған қызмет көрсететін, яғни өндірілген өнімді ұқсататын саланың қаншалықты дамуына, деңгейіне байланысты. Сонымен қатар өнімді, шикізатты мол өндіру үшін жасалатын өндірістік инфрақұрылымның дамуымен қатар, оның өнімін тиімді пайдалануды көздеуіміз керек. Бұл өте маңызды.

Шаруашылықтың салаларында меншік түріне қарамай өнім өндіру өндірісі дамыды, ал нарыққа көшу үдерісінің өзі инфрақұрылымның дамуын талап етті, оған қолайлылық туғызды. Бұрын ауыл шаруашылығының өндірісін кеңейтуге күш салынатын. Жердің барлығын айқыш-ұйқыш жыртып, астық өндірілді. Ұн комбинаты облыста жалғыз ғана, тіпті кейбір жерлерде болмады. Ал қалған мәселелердің барлығы артқа шегеріліп, екінші кезектегі міндеттерге айналып отырды. Сол себепті де еліміздегі өндірілген өнімнің 25 пайызы тұтынушыларға жеткен жоқ.

Ауыл шаруашылығы Қазақстанда халық шаруашылығының маңызды, басты саласы болып табылады. Алайда қосымша өндірістердің қолдауы болмайынша ауыл шаруашылығы алға баспайды. Егіннің көлемі, мал басының саны артқан сайын ғылым мен техниканың жетістіктерін енгізген заманауи қызмет көрсетуші саланың да маңызы арта түседі. Инфрақұрылымның жаңа түрлері де пайда бола бастайды. Осыған байланысты инфрақұрылымның дәстүрлі саласы саналатын тасымал көлігі, байланыс, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, жөндеу қызметі секілді басқа да өндіріске қажетті қызметтер дами түседі. Демек, нарықтың шеңберінде белгілі бір қызмет атқаратын және мамандандырылған ұйымдастырушы күш, яғни «нарықтық институттар» болмай және ол мемлекеттің реттеуінсіз ауыл шаруашылығының дамуы мүмкін емес. Қазақстанда 2010 – 2014 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламасын жүзеге асыру үшін республика бюджетінде 1035963,72 миллион теңге қарастырылған болатын. Тек Қостанай облысының өзіне ғана соңғы үш жыл ішінде көліктік инфрақұрылымды дамыту мақсатында 16336,58 миллион теңге бөлінді. Демек, мемлекет агроөнеркәсіптік кешені инфрақұрылымының



дамуына жүйелі түрде көңіл аударып отырады. Бұл ауылшаруашылық өнімдерін өндіру мен оны өңдеуге қажетті деген барлық жағдайлардың туғызылып отырғанын көрсетеді.

# Университет инновациялық дамуға үлес қосатын болады

Бүгін әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс әлі сөйілген жоқ. Қайта соңғы уақытта ірі державалар арасындағы саяси дағдарыс әлемдік экономикалық байланыстардың қалыптасқан жағдайын қиындатып жіберді. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жолдауында жаһандық «қаржы-экономикалық дағдарыстың қалпына келуі баяу жүріп жатқанын, тіпті кей жерлерде әлі де құлдырау жалғасып жатқанын» айтқан еді. Қайткенмен де әлемдік экономикадан сырт тұра алмайтынымызды Елбасы әрдайым ескертіп жүр. Сондықтан біздің елімізде де дағдарысқа қарсы шаралар жүріп жатыр. Алдағы жақын жылдары әлемдік экономиканың дамуы төмендеу бағытында деген болжамға байланысты бюджет те қайта қаралып, еліміздегі атқарылатын жұмыстар нақтыланды. Осыған орай Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жаңа Экономикалық Саясатын жариялады.

Жаңа Экономикалық Саясат шеңберінде енді көптеген жұмыстар атқарылады. Елбасы шешімімен Ұлттық қордан 2015-2017 жылдар аралығында жылына 3 миллиард долларға дейін қаржы бөлінеді. Елімізде жүргізілетін жұмыстар дағдарысты дамумен жеңуге бағытталады. Үдемелі инновациялық-инвестициялық даму мемлекеттік бағдарламасының бес жылында көптеген жаңа өндірістер пайда болды. Мысалы, осыған дейін кенімен астығымен белгілі Қостанай облысы енді машина жасау орталығына айналды. Аты аңызға айналған Toyota, Ssang Yong әлемдік бренд машиналарды қазір «СарыАрқаАвтоПром» жауапкершілігі шетелді серіктестігі

Қостанайдағы «АгроМашХолдинг» акционерлік қоғамының өндіріс алаңында құрастырады. Мұнан өзге де өндіріс, құрылыс, ауыл шаруашылығы салаларында жаңа технологиялармен жұмыс істейтін заманауи кәсіпорындар пайда болды. Енді



мемлекеттік инновациялық-инвестициялық бағдарламаның екінші бесжылдығы бастау алды. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жолдауында еліміздің көлік-логистикалық инфрақұрылымына баса назар аударылды. Міне, осындай ауқымды жұмыстардың барлығы да мамансыз жүзеге аспайды. «Берін де кадрлар шешеді» деген қанатты сөздің маңызы кеміген жоқ.



Асқар НӘМЕТОВ,  
А.Байтұрсынов атындағы  
Қостанай мемлекеттік университетінің  
ректоры,  
профессор

## Діни сауаттылық зиялылықты білдіреді

Бүгінде тәуелсіз еліміздің іргесін нығайту жолында жас ұрпақты заман көшіне сай қалыптастыру, рухани және адами қасиеттерді орнықтыру басты мәселелердің бірі болып отыр. Жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Біз конфессиялық сан алуандығымен ерекшеленетін әлемдегі санаулы елдің біріміз. Қазақ халқы діни көзқарасы терең, діни мәдениеті жоғары ұлттардың қатарына жатады. Тек осы дәстүрді бүгінгі уақыттың ерекшеліктеріне сай тереңдете білуге тиісіміз.

Жастардың діни санасы мен діни білімін қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бүгінде имандылыққа бет бұрған жастарды мешіттерден жиі кездестіреміз. Бірақ сол жас азаматтарымыздың діни санасы мен діни білімдері қалыптасқан ба? Білімі бар адамның иманы болары сөзсіз. Сондықтан, Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің барлық мамандықтардың 1 курс студент жастар арасында «Дінтану және діни қауіпсіздік негіздері» атты пән жүргізілуде.



Діни бірлестіктер азаматтық қоғамның институты болған соң, қоғамның рухани өмірінің дамуында мемлекеттің серіктестігі болып саналады. Қазіргі уақытта діни салт-дәстүрлер белсенді жаңғыруда, сондықтан ағартушылық орталықтар ашылып жатыр, соның ішінде Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің құрамындағы діни зерттеулер орталығы өз жұмысын атқарады. Бұл діни зерттеулер орталығы 2011 жылы ҚМУ-ің ректоры А. Наметовтың бұйрығымен ашылды.

Діни зерттеулер орталығы (ДЗО) ғылыми зерттеулер, оқу-әдістемелік, қоғамдық

ағартушылық, тәрбие мен профилактикалық жұмыстар бағытында жұмыс істейді. Орталық соынмен қатар, жастар үшін діни сауаттылығын арттыру, дәстүрлі емес діни бірлестіктер туралы әңгімелесу, осы тақырыпқа байланысты деректі фильмдер көрсету жұмыстарын жүргізеді.

Оқу жылында студенттер екі рет сауалнамадан өтеді. Бұл зерттеудің мақсаты жастардың діни сауаттылығының деңгейін білу. Студенттердің 70 пайызы мұсылман немесе православие конфессиясына өздерін жатқызады. Оқу жылдың аяғында студенттердің діни сенімі жоғарылайды. Жастардың үштен бір бөлігі өз салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын ұстанады. Орталық Дін істері, Жастар саясаты басқармаларымен бірлесіп, жастар мен жасөспірімдер арасында діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған іс-шаралар өткізеді. Діни сауатты болу әр жас үшін рухани байлық, зиялылық деп түсінген жөн. Халқымыздың Абайдан арыс тұлғаларының барлығы да діни сауатты болған.

Өткен 2014 жылдың қараша айында Діни зерттеулер орталығының ұйымдастыруымен А.Байтұрсынов атындағы университетінің ветеринария және малшаруашылық технологиясы, аграрлық-биологиялық, инженерлік-техникалық, гуманитарлық-әлеуметтік, тарих және құқық, ақпараттық-технологиялық факультеттерінде Дін істері басқармасының бас маманы С.Абдиев, қалалық мешіт бас имамының орынбасары Д.Сәрінжіпұлы, Константин-Еленин шіркеу протоиерейі Анатолий және тәжірибелік психологтар қауымдастығының жетекшісі Ю.Калюжная қатысқан «Қазақстан қоғамның конфессияаралық толеранттылығы: тәжірибе және қазына», «Дәстүрлі емес тоталитарлық діни ағымдардың және секталардың зұлымдылық мәні» деген тақырыптарда әңгімелер өткізілді.

Арнайы діни білімнің болмауы, шала сауаттылық та экстремизмге әкеліп соқтырады. Жастарға шынайы діни білім беріп, олардың білім көкжиегін кеңейтіп, адамгершілік тәрбиеде діни құндылықтарды пайдалану, сондай-ақ дін мен мектептерді шебер байланыстыру нүктелерін дұрыс таба білу оң нәтиже берері сөзсіз. Қазақстанда этникааралық және конфессияаралық келісім моделі қалыптасқан, дүниежүзілік қауымдастық оған жоғары баға беріп отыр. Біздің елде конфессияаралық келісімді сақтай отырып, халық арасында діни сауатсыздықты жою өте маңызды.



Жангелді  
ШАУКЕНОВ,  
А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ-ің  
Діни зерттеулер орталығының  
директоры,  
тарих ғылымдарының  
кандидаты

# Тағылымды ғұмыр

*Дүниеге келер бір рет,  
Дария көлуде, тау мүсін.  
Құрыштан құйған құдірет –  
Қарттарым, аман сауымысың?!  
Сағи ЖИЕНБАЕВ*

Қарты бар ел – қазыналы ел. Тұла бойына тағылым тұнған қариялар жас ұрпақтың болашағына деген тұсбағдары деп саналады. Себебі өшпес өнеге мен текті тәрбиенің арқасында ғана саналы ұрпақ пайда болады. «Ауылыңда қартың болса, жазып қойған хатпен тең» - деген дана халқымыз. Қостанайдың топырағында да жұртына үлгі боларлық қариялар жетерлік. Сондай ақсақалдардың қатарына ғұмыры ғибратқа толы Жақсан Сәдуақасовты жатқызуға болады.

Жақсан аға – ардагер дәрігер. Мамандығы – рентгенолог. 20 жылдан астам осы саланың отымен кіріп, күлімен шықты. Әрине, шын мықтының мықтылығын айту керек. Өңір жұртшылығы құрмет тұтады. Қарапайым шаңырақта туып-өскен кейіпкеріміз өз таңдауын сонау балалық шағында жасаған екен. Өсе келе өзінің асқақ арманына қол жеткізіп, денсаулық сақтау саласында аянбай қызмет атқарды.

– Бірлігі жарасқан отбасында өсіп-өндік. Қазіргі Ұзынкөл ауданының Арзамас деген шағын ауылда тудым. Балалық шағым сол жерде өтті. Мектепті үздік тәмамдаған соң, медицина институтына оқуға түстім. Оны үздік бітіргеннен кейін жолдамамен Қостанай облысына келдім. Денисов аудандық ауруханасында жұмыс істедім, – деп өткен өмірінен еңгіме шертеді Жақсан аға.

Сынағы мол соғыс уақытының қиындығын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Жақсан ағаның балалық шағы тәтті өткен жоқ. Оқу құралдарын сатып алу үшін әр жерге жалданып жұмыс істепті. Мектепке жалаң аяқ барған кездерін елі күнге дейін есіне алып отырады абыз ақсақал. Әкесі Сәрсен соғысқа аттанғанда он жастан енді асқан баланың қиыншылығы басталған екен.

Рас, осындай солақай саясат басым кезеңде ауыл баласының жоғары оқу орнына түсуі оңай емес еді. Бір жағынан оқу тек орыс тілінде жүргізіледі. Сол себептен терең білім алу үшін тынбай ізденді. Намысқа тырысты. Сол кезде дүркіреп тұрған ауыл шаруашылығы мамандығын таңдамай, Қарағандыдағы медицина институтына оқуға түсті. Ақырында ол білікті маман болып шықты. Облысқа келіп бірден қызу жұмысқа араласып кетті. Рентген мамандары тапшы кезең болатын. Күніне 8-9 сағат жұмыс істейді екен.

Облысқа аты кеңінен таныс Жақсан Сәдуақасов өз жары Қибат Шәріпқызымен 60 жыл бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүріп, 5 бала тәрбиелеп, өсірді. Айта кетерлігі, аламыздың аты-жөні қажырлы еңбегі үшін Қаржы министрлігінің құрмет тақтасында жазылған. Қазақстан және Ресей мемлекеттерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Бұл халқымыздың «Жақсы жар өрге сүйретеді» деген даналық сөзінің дәлелі болса керек. Жақсан ата мен Қибат әженің 2 ұлы мен 3 қызының әрқайсысы қазір бір-бір отбасының иесі. Ұлы Мұхаметрақым ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметінде ел үшін аянбай тер төгуде. Жақсан ақсақал перзенттерінен немере, шөбере сүйіп отыр. Оларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, имандылыққа баулиды. Немерелері болса, үлгі аларлық



осындай атасы мен әжесін мақтан тұтады.

Себебі, ол кісілер жастайынан тағдырдың бар тауқыметін көрді. Соғыстың салдарынан бала жасынан еңбекке де ерте араласты. Қазір соның бәрі еңбекқорлық пен темірдей төзімнің арқасында ғана көрген түстей артта қалды.

Сексеннің сеңгіріне көтерілген Жақсан ақсақалдың азаматтық қырлары да көпке өнеге. Мәселен, ел құрметтісі Ұзынкөл аудандық мешіттің асханасын салуға қаражат жинауға атсалысты. Жергілікті моншаны қайта қалпына келтіруге қомақты үлес қосты. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген мақалды жақын ұстайтын ақсақал Уақ руының шежіресін он жыл бойы жазып шықты. Алдағы уақытта да қосқанын қосып, алатынын алып жаңарта беретінін айтады. Әлі күнге дейін өзгелерге білгенін үйретуден жалықпайды. Салауатты өмір салтын сақтауға қосқан үлесі де бір төбе. Қалқаман Жақып, марқұм Бекқұл Садықов сынды замандастарымен бірге жүгіріп, марафондарға да қатысқан. Қазіргі жас буын өкілдеріне спорттан алыстамауды айтып отырады. Сергек жүрумен қатар, рухтанудың кепілі спорт деп біледі.

Өз кәсібіне шын берілген Жақсан ағамызға мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан сый-құрметтер де жетіп артылады. Тіпті, Ресейден де шақыртулар келгенін ақсақал мақтана айтады. Ағаның сонау Қорған жеріне сіңген еңбегі бір төбе. Себебі, ол кезде Қорғанда медицина, оның ішінде, рентгенология саласы ақсап тұрған еді. «Керегінде деп басқан» сол кездегі жас жігіт Ресей еліне де қызмет жасады. – Қорғаннан үйренгендерімді өзіміздің Атамекенге келіп, орнымен пайдаланғаныма қуанамын. Көп білгеннің пайдасы мол, - дейді Жақсан аға. Оның атқарған жұмыстарының нәтижесін кеудесіндегі орден, медальдардан аңғаруға болады. Әскери шеннен де кенде емес, қартыңыз – майор!

Бұл күнде жан-жары Қибат әжей екеуі ұл-қыздарын құтты ұясына қондырып, немерелерінің тәтті қылығына сүйсініп отырған Жақсан Сәдуақасовтың ғибратты ғұмыры талайға үлгі боларлықтай екені даусыз. Көкірегі шежіреге толы ақсақал тәуелсіз мемлекетіміздің қарыштап дамыған қадамына қарап, келешек ұрпағының бақуатты да баянды өмір сүретініне нық сенімді екенің, жас ұрпақтың елімізді дамытатынын тебіреніспен жеткізді.

**Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ,**  
ҚМУ ГЭФ журналистика мамандығының  
4 курс студенті

Маман дайындау жөнінде де Жолдауда нақтылы істер көрсетілді. Елбасы Жолдауда: «Индустрияландыру бағдарламалары шеңберінде базаларында ғылымның экономика салаларымен және мамандар дайындаумен байланысы қамтамасыз етілетін 10 ЖОО анықталды. Осы мақсаттарға 2017 жылға дейін 10 миллиард теңге бағыттай отырып, осы жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын қалыптастыруды тапсырамын» деген болатын. Міне, осы он университеттің ішінде біздің А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті де бар. Мұндай сенім үдесінен шығу біздің үлкен ұжымға зор мақтаныш.

Қазақстанның солтүстік облыстары бойынша Үкімет маман дайындауды тапсыратын университеттер қатарынан көрінуімізге өңірдегі өндіріске заманауи техникалар мен технологиялардың келуі басты себеп екенін айтуымыз қажет. Он білім ордасы жақын жылдары металлургия, машина құрастыру, азық-түлік өндірісі, туризм бағыттарында мамандар дайындауы қажет. Біздің университет өңір ерекшелігін ескере отырып, осы төрт бағыттың арасынан машина құрастыру мен азық-түлік өндірісіне маман дайындау ісін таңдады. Өйткені біздің облыста машина құрастыратын 5 зауыт бар және ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсататын, заманауи технологиялармен жұмыс істеуге талпынып отырған кәсіпорындар қатары өсіп келеді. Біздің университет таңдаған осы екі бағыт бойынша 6 түрлі мамандық дайындалады.

Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасымен болашақ мамандар кәсіби бағдардағы магистратурада бір жарым жыл оқитын болады. Осы бір жарым жылдық оқу бағдарламасы дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы университет ғалымдарымен бірлесіп жасалады.



Ол үшін Еуропадағы және Оңтүстік Кореядағы белгілі университеттермен келісу жұмыстары жүргізіліп отыр. Мамандар дайындауға қажетті заманауи оқу жабдықтары Америкадан, Еуропа елдерінен, Ресейден алынатын болады. Университетте төрт лаборатория ашылады, онда болашақ мамандар оқып-жаттығатын, зерттеп үйренетін болады. Сонымен қатар, оқытушыларды дайындықтан өткізу, профессорлар шақыру ісі де қолға алынады.

Біздің университеттен дайындалған мамандар өңірде машина құрастыру ісі мен ауыл шаруашылығы өнімдерін, ет, сүт, макарон, май секілді азық-түлікті сапалы ұқсатуды дамытуға атсалысады. Сонда біздің өңірден өндірілген өнімдер бәсекеге қабілеттілікті арттыра түседі. Ахаң атындағы білім ордасы еліміздің инновациялық дамуына осылай үлес қоспақ.

# Дұрыс жолды сілтеген бағдар

Тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен-ақ Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқының алдында: «Бізге бірінші кезекте керекті - саясат емес, экономика» деген болатын. Міне, осы көрегендіктің шындығына біздің толық көзіміз жетіп отыр. Ал бұрынғы посткеңестік кейбір республикаларда бірінші орынға саясатты қойып, ал оның соңы неге айналғанын біз толық күәсіміз. Кешегі 2007-2008 жылдардағы бүкіләлемдік экономикалық дағдарыстың кезінде де Елбасының болашағымызды дұрыс болжай білгенінің арқасында, ол кезеңнен де қиындықсыз өттік. Еліміздегі кейбір патриотсымақтардың Ұлттық қордағы жиналған қаржыны Қазақстандағы әр азаматқа тең бөліп берейік деген жалаң ұрандарының негізсіз екенін бүгінгі күніміз дәлелдеді.

Президенттің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы біздің еліміздегі билік партиясы «Нұр Отанның» кеңейтілген отырысында әдеттегіден ерте жарияланды. Өйткені, партияның сайлауалды тұғырланамалары және оның саяси доктринасының елімізді мекендейтін халықтың мұң-мұқтажымен сәйкес келгеннен кейін және ұштасып жатқан істерден туған болатын. Әлемдегі геосаяси және экономикалық дағдарыстардың негізінде туындайтын кедергілерден қиналмай өту үшін Президент осы Жолдауды халық назарына ұсынды. Үкіметке және басқа да атқарушы органдарға тез арада Жолдауда айқындалған іс-шараларды орындауға мүмкіндік берді.

«Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» елті Жолдау Қазақстан Республикасының жана экономикалық саясаты, стратегиялық бағыты дер едім. Ұлттық қордан 2015-2017 аралығында жыл сайын 3 миллиард доллар ел экономикасын дамытуға қаржының бөлінетіні, белгіленген іс-шаралардың міндетті түрде орындалатынына сенімділік туғызады. Туындай-

тын қауіп-қатерлердің алдын алу үшін қазақстандықтардың еңбегімен жиналған Ұлттық қордан күрделенген мәселелерді шешуге жұмсалатынын Президент ашық түрде және әрбір тиынның жұмсалуды қатаң бақылауға алынатынын да ескертті.

Елбасының «...алысты жақын ету-бүгінгі Жолдаудың түйіні болмақ» дегені, барлық қазақстандықтардың ойынан шықты. Көлікті-логистикалық инфрақұрылымдарды дамытуға берген нақты тапсырмасында Қазақстан аймақтарының өзара байланысын жақсарту еліміздің ішкі әлеуетін арттыратынын да баса айтты. Аталған автожолдардың ішінде бірінші кезекте салынатын жолдардың бірі, бізге байланыстысы «Астана-Ақтөбе-Атырау» бағытындағы жол. Бұл жол, біріншіден, бізді еліміздің жүрегі Астанамен байланыстырса, екіншіден, біздің Арқалық қаласы арқылы оңтүстік батыстағы көршілес Аманкелді мен Жанкелдин аудандары арқылы Ақтөбе облысының Ырғыз ауданына тас жол арқылы шығамыз деген сөз. Осы тас жолдар бойында бірнеше автобекеттер мен басқа да инфрақұрылымдар бой көтерері анық. Жол бойын мекендеген елдің әлеуеті де жақсарары сөзсіз. Президент атап көрсеткен энергетикалық инфрақұрылымдарды дамыту мақсатында да ауқымды жұмыстар жүргізілмек. Оңтүстік және шығыс облыстар аймағында жоғары кернеулі элекетр желілерінен тыс біздің Арқалық қаласында да жел күшімен электр энергиясын өндіретін станциялар салынбақшы. Бұл біз үшін жақсы жаңалық.

Елбасы бізді ешнәрсеге алаңдамауға шақырды. «Біздің білім беруді, денсаулық сақтауды, ауылшаруашылығын дамыту бағдарламаларымыз жалғаса береді» деп нақтылады Президент өз Жолдауында. Оның сыртында, Елбасымыз әрбір басшының өз жұмыс учаскесі үшін жауап беретінін де қалыс қалдырған жоқ. Бұл тапсырманың бізге де қатысы бар. Өйткені, біздің институт осы аймақтағы



Сейітбек ҚУАНЫШБАЕВ, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, география ғылымдарының докторы

## Өнерлі, белсенді, жігерлі жас

**Аты жөні:** Тагленова Меруерт Аманкелдіқызы

**Факультет:** Экономикалық факультет

**Мамандығы:** есеп және аудит

**Курсы:** 4 курс

**Сүйікті кітабы:** Шекспир, Дейл Карнеги, Харуки Мураками, Ольга Громыко

**Хобби:** кітап оқығанды ұнатады, моншақпен кесте тоқиды

**Арманы:** ірі компанияның бас есепшісі болу

**Өмірлік ұстанымы:** ересектерше ойлан, жас болып өмір сүр, қарт болып ақыл айт және балаша армандай біл

**Жетістіктері:** балалар мен жастар ұйымдары қауымдастығының еріктісі, жастар мәслихатының депутаты, интеллектуалды «Битва умов» ойынының 2 мәрте чемпионы, университетте құрылған интеллектуалдық клубтың негізін салушы, «Қазақстанның үміт артарлары» байқауының лауреаты, «ҚМУ алтын кітабының» лауреаты, «Қостанай облысы жастарының алтын кітабына» үміткер, студенттердің ғылыми зерттеу жұмысы кеңесінің төрайымы, экономикалық факультеттің студенттік деканы, «Студенческие бега» ойынының жеңімпазы, «Лидерство и инновации в XXI веке: взгляд в будущее» Ресей-Қазақстан халықаралық форумына қатысушы, жастар форумының үздік жобасы атанған «1+1» жобасының авторы.

**Көпшілік пікірі:** Меруерт қоғамдық өмірге белсене араласады. Өте мейірімді, еңбекқор, шынайылықты пір тұтады. Оның бойындағы осындай қасиеттері айналасындағылармен тез тіл табысуына ықпал етеді, ал жігерлілігі мен ежеттігі алдына қойған мақсатына жетелейді.





## Ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым

Ұрпақ қамын ойлаған ұлағатты ұстаз, қамқор басшы, елдің болашағының жарқын болуы білімді, тәрбиелі, ұлтжанды, халқының өркендеуіне адал еңбек етуді өзінің қасиетті парызы санайтын жастар екенін көрегендікпен ерте түсініп, сондай жастарды тәрбиелеуге қомақты үлес қосқан ғалым - ұстаз Тобыл Даулетбаев ағамыз еді.

«Бұлақ көрсең – көзін аш» деген ұлағатты сөзді өмірінің басты ұстанымы еткен Тобыл Еслямғалиұлы ғылыммен айналысуға қабілетті жастарды қасына жинап, өзі басқаратын кафедрадағы оқытушылық қызметке алып, тәрбиелейтін, баулитын. Институтта сабақ беріп жүрген жас оқытушыларға «студенттерді сапалы білім нәрімен сусындатып, биік адамгершілігімен, саналы ғұмырымен үлгі-өнеге болатын ұлағатты ұстаз деңгейіне көтерілулерің қажет» - деп қатаң талап қойды, барлық қажет жағдайларды жасады. Ағамыздың қамқорлығының арқасында Алматы, Москва, Киев қалаларындағы ірі ғылыми-зерттеу институттарында аспирантурада оқуға мемлекеттік жолдама алып, ғылыммен жүйелі түрде айналысуға мүмкіндік алдық.

Ғалым, ұстаз ретінде бүгінгі алған асуымыз және шыққан биігіміз аспирантурада бес жыл бойы жиған білімнің жемісі, тікелей нәтижесі. Демек, бізді аспирантураға оқуға жіберіп, ғылыми жетекші тауып беріп, қанатымызды қатайтып, білімімізді тереңдетуге мүмкіндік берген ұстазымыз Тобыл Еслямғалиұлының ағалық қамқорлығының арқасы еді. Тобыл Даулетбаев Арқалық педагогика институтында және Қостанай ауылшаруашылық институтында жоғары математика кафедрасында меңгеруші болып қызмет атқарған жылдары 3 оқытушы ғылым докторы, 15 оқытушы ғылым кандидаты атағын алды. Осындай ауыз толтырып айтуға тұрарлық жетістік Тобыл ағамыздың қамқорлығының тікелей жемісі болатын. Мұндай қомақты нәтиже ғылыми-зерттеу институтының да тақиясына тар келмесі анық. Демек, елінің өркендеуіне Тобыл Еслямғалиұлы секілді азаматтар қосқан үлес кейбір үлкен-үлкен ұжымдар атқарған жұмыстардан артық болмаса, кем емес. Жауына жалғыз шабуға қаймықпаған батырларымыз секілді, жалғыз өзі ғылыми-зерттеу институтының істейтін жұмысына пара-пар жұмыс атқарған. Уақыт өткен сайын елінің көркеюіне зор үлес қосқан Тобыл ағамыздың тұлғасы асқар таудай биіктей берері сөзсіз.

Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің түлегі, математик-ғалым, терең білім иесі Тобыл Еслямғалиұлының ұстаз-ғалым ретінде шыққан биігіне ғалым шәкірттерінің бір

де біреуі әлі көтеріле алған жоқ. Оның себебі Тобыл ағамыздың өте талантты ғалым, ұшқыр ой, терең білім иесі ғана емес, еңбекқорлығында, адамгершілігі зор, ұлт болашағын ойлайтын, ел егемендігінің мәңгілік болуын аңсайтын тұлға деңгейіне көтерілуінде шығар, бәлкім.



Ұшса құс қанаты талатын, шапса тұлпар тұяғы мүжілетін кең байтақ жерді, ұрпағына сыйға тартып, аманат еткен бабаларымыздың алдындағы басты парызымыз – қазақ халқының абыройын асқақтатып, еліміздің Тәуелсіздігін көзіміздің қарашығындай сақтау болып табылады. Бұл қасиетті парызды абыроймен орындау үшін жастарымыз отанын сүюді, елі мен халқына адал қызмет етуді Тобыл Еслямғалиұлы секілді абзал ағаларының өмірі мен атқарған істерінен үлгі-өнеге алып, үйренулері керек. Осы мақсатта Тобыл ағамыз қызмет атқарған жоғары оқу орындарының бірінде ғалымның атына дерісхана беріліп, ол кісінің ғылыми еңбектері мен ұстаздық жетістіктеріне арналған ғылыми семинарлар өтіп тұрса, нұр үстіне нұр болар еді. Сый-құрмет көрсетіп, ауыз толтырып мадақтауға тұрарлық ағаларымыз баршылық. Өкінішке қарай, сондай ардақты ағаларының көбісін жастар тани қоймайды, біле бермейді. Сондықтан, барды уақытында бағалай білейік, ардақты ағайын.

**Нұрлыбай АБАТОВ,**  
ҚМУ физика-математика ғылымдарының  
кандидаты, доцент

болашақ педагогтарды дайындайтын жалғыз жоғары оқу орыны, сондықтан да декандар, кафедра меңгерушілері мен оқытушылар өз міндеттеріне үлкен жауапкершілікпен қарағаны жөн. Басты міндет: студенттерді тек диплом алу үшін ғана оқытпай, оларға қалай оқу керек екендігін үйрету. Еңбек рыногында өз орынын табуға бейімдеу. Ал, ол үшін институтымызда барлық жағдай жасалған.

Елбасы өз Жолдауында, аса бір толғаныспен «Алда үлкен де жауапты істер күтіп тұр» деген болатын. Олар - Қазақстанда тұратын халықтың бір-біріне деген сенімінің нығаюы, тағаттылық танытуы. Бұл мәселелер біздің болашағымыздың негізгі кілті екені айдан анық. Қазақстанды жүзден астам ұлттар мекендейтіні бізге белгілі, сондықтан да этносаралық келісім бірінші орында тұруы керек. Тек, бірлік пен келісім ғана бізді алға жетелейтін бірден бір механизм. Бәріміз, еліміздің ертеңі, болашағы жастармен жұмыс жасаймыз. Қазіргі уақытта неше түрлі ағымдар жеткілікті, сондықтан да біздің ең басты жеңісіміз-тәуелсіздіктің маңыздылығын, бізде оқитын студенттерге жақсылап түсіндіріп, бүгінгі жастарға, кешегі өткен тығырық уақытты көрмегенін ескере отырып, тұрақтылық пен этносаралық келісім туралы жиі айтуымыз және насихаттауымыз керек. Өзіміз оларға үлгі бола білуіміз қажет. Сонда ғана олардың өз білімін онан әрі жалғастыруына, еңбек етуіне, жалақы алуына, отбасы құруына толық мүмкіндік туатынына көзін жеткізу біздің қасиетті борышымыз.

Елбасы Жолдауда әкелік қамқорлықпен «Мен жастар – біздің болашағымыздың тірегі дегенді әркез айтып келемін. Мемлекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы жол», міне, біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігер жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы!» деген сөзі біздің педагогикалық институттың студенттеріне де тікелей қатысты деп қабылдадық.

Оны, өз мамандығыңызды сүюге және соның арқасында елге қызмет етуге, отаншыл және елжанды болуға шақырғаны деп түсіндік. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша ауыл мектептеріне жұмысқа бару студенттердің арасында ынтазарлық танытуда. Студенттер бұл іске бастамашылдық қалып танытуда.

Биыл Қазақстан Қазақ хандығының құрылғанына 550, Конституциямыздың қабылданғанына 20 және Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл толғанын тойлағалы отыр. Ал осы мерекелерді біз жақсы еңбек табыстарымен қарсы алуға бекембіз. Жастардың жақсы оқуы, елжанды болуы Елбасы айтқан « Мәңгілік ел» идеясының берік іргетасы болмақ.



# Ерлік аспанындағы

**К**еңестер Одағының екі мәрте батыры Иван Павлов өмірден найзағайдай ағып өткен тұлға. Ол 1940 жылы әскер қатарына шақырылғанда бар-жоғы 18 жаста ғана болатын. Ол 28 жасқа толар-толмас жасында ауа райының қолайсыз күні түнгі ұшу кезінде ұшақтың басқарылмауынан қаза тапты. Оның замандастарының Иван Фомичтен талантты авиатор және әскери қолбасшы шығады деген үміті үзілді...

Оның есімі қостанайлықтардың жадынан шыққан емес. Атақты ұшқыш, Кеңес Одағының екі мәрте батыры Иван Фомич Павлов қаза тапқанда оны Украина жерінен Қостанайға, туған жеріне әкеліп жерледі. Қазір оның бейіті қаланың ортасындағы Жеңіс саябағында жатыр. Қостанай қалалық әкімшілігінің алдында атақты ұшқыштың ескерткіші орнатылған. Елінің ерлікке тағзымы осылай болса, жасындай жалындап өткен батыр есімі еліне, жас ұрпаққа әлі де қызмет етіп келеді. Өйткені оның ерлік істері патриотизмнің нағыз үлгісі болатын.

Иван жеті сыныптан кейін Магнитогордегі Индустрия техникумына түскенде, сол қаладағы аэроклубқа қатысады. 1940 жылы Магнитогор комсомол комитетінің жолдамасымен Орынбор облысының Чкалов қаласындағы авиациялық училищеге жіберіледі. Сол жерде оны әскер қатарына шақырады. Ал шабуылдаушы ұшқыш сержанттың Калинин майданындағы 6-шы шабуылдаушы авиация полкіндегі қимылдары нағыз ерлік дастаны еді. Соғыс басталған соң үш айдан кейін-ақ Иванның ұшағы жаудың ондаған адамдарын, техникасын жер жастандырған



болатын. 19 жасар жігіт Қызыл Ту орденін кеудесіне тағады. 1942 жылы соғыс қыза түскен кезде Иван әуе күштерінің қолбасшысы, генерал-полковник Павловның жаудың аймағын маңызды барлау тапсырмасын үздік орындайды. Әр операция сайын ұшақты басқарудағы, барлау жұмыстарындағы тәжірибесі молая түскен жас жігітке әскери

басшылардың сенімі арта түседі. Иван жаумен болған әр шайқаста асқан ерлік көрсетіп отырды. Ол эскадрилья командирлігіне көтерілді. Павловтың 1944 жылы 15 тамызда жасаған ерлігін бөлесті айтқан орынды. Сол күні ол өзі басқаратын эскадрильясымен әскери тапсырма алып ұшып шығады. Латвияның Бауска қаласының солтүстігіне қарай

қиналықты пішінмен оянады. Жастық дәурен өтсе де, ұялы көзі сол қалпы, томарлы судың басындағы бейнесін Ақынайдың жадынан өшіртпейді.

Ереймен ең мен түстің арасында сәделіп, соғыста бастан кешкен азабын арқалап, күйзеле бас шайқайды. Құдай қосқан қосағын Ақынай шешекке аунаған бұланды қылмақ, мәртебесін ханға теңгеріп, асырып-ақ жібереді.

Самауыр қайнайды, Ерейменнің басы салбырап, енжар қалыптан арыла алмай, мөңгіріп отырады.

– Ас батпайды, – дейді ол құмыға ақталған дауыспен, бірақ әйелі еріне қаймақ жағылған таба нанның үзбе кесегін тықпалап отырып жегізеді.

– Ереймен, сен асыраушысың, балашағаның күні саған қарап отыр ғой, әлденіп алмасаң болмайды. Көкеміз ауру-сырқаудан, п е л е - ж а л а д а н, жалғанның жазымынан аман жүрсе деп тілек тілеуші бұлар, – деп бір маңғаз сөз айтады Ақынай.

Ерінің сенбеске амалы жоқ, кей сәт өзіне әйелі не үшін соншалық сенім артып отырғанына түсінбей қалады... Меңзең күйден құтылғанша асығады.

Түгіскенде жал-жал құм көшеді, Бетпақдаладан сексеуілдің түбінен қашқан қаңбақ домалайды. Ол ізенді, мық жусанды, бетегелі белдерді аңсағандай бөгелмейді. Киік құралай өргізген салқынынан соң құм арасынан нағыз көкөрай шалғын, отты жерлерді байырғы із кесушілер оңай тауып алып, мал тоғайғанша айдап кететіні бар. Киік көкмайса шөптің ең шұрайлысын таңдап жейтін жануар.

Ер жігіттің ұрымтал шағы айналып келді. Жер дүние қоса айналып, ол талып құлады. Ері шалдығып сұлап жатқан тұс Ақынайға ханның ақ ордасынан кемшіні жоқ. Жалғыз бақанмен тігілген қос Ерейменнің сығанағы, желдің өті, күннің көзі, судың тамшысынан қорғайды. Соғыстан оралмаған өңшең көкке шыққан өрімдей қазақ жігіттері, моласы қайда? Ақынай мұны ешқашан ұмытпайды. Ереймен ғайыптан құдіреттің күшімен оралған.

Көктемде жыл құстары Атасу мен Сарысудың қамыстарын ұяға

толтырып тастады. Су құстары көк айдында жүзе берсе бауырынан су өтпейді, қауырсындары қорғайды. Сол кездегідей өзеннің ағыны күшті сағасында ана қаз төсінен тұмсығымен жұлып алып мамығын төсеген ұядан томпиған балапандар өсіп шықты.

Ақынай өміріне дән риза. Бақанмен тігілген мына қосына Қыдыр қоса қонардай өлегізді. Көршінің уыздай жас келіні бөпесін емізіп болып, бесік төрбетіп отырған. «Бөпешім, бесік отауың, отауыңа кір бөпем...» деп әлдилейді. Жас бала құстың



көлеңкесінен тоңады. Ана әлдиі баланы қымтай түседі. Сол маңда Ақынайдың қара қосы бой көтерген. Ереймені қасында, дарияның суына шомылып шыққандай, аршыған жұмыртқадай бекзат қалпында әйелі ұстатқан зерлі кеседен ұрттап ішіп отырды. Мөңгірген, күйзелген күйінен тез арада айығып кетпегенімен, Ереймен тік отыруға тырысады. Әрқашан осы кейіп, әйелінде зіл, күйеуінде үн жоқ.

– Бәріміз бір саған сеніп, шүкір деп отырмыз. Сен болмасаң күніміз қараң, Ереймен. Балаларды ырыс-нәсібесінен айырма, құдай ұзағынан сүйіндіруге жазсын!

Ақынайдың еш кейісі жоқ маңғаз мінезі, айнала жыпырлаған балалары... Ереймен өзінің иттігіне налып, өзегін өкініш кернеген күйі кезімен жер шұқи береді. Кей сәтте қос жығылып, кері қайтқанда, Ерейменнің аяғы басуға жарамай қалады. Сонда Ақынай бақанды бір қолына, бір қолына киізді күйеуімен қосып көтеріп үйіне әкеледі. Соңдарында томпиған сүйкімді балалары, ел

оларды Ораздың ұл-қызындай деп мадақтап жатады.

Сол түні бұл ауылдың шырқы бұзылмады, аулақта көлбұқа әуілдейді, киік маңырайды. Ерейменнің уызынан жарыған ақтомпақ балалары бейбіт ұйқы құшағында балбырайды. Отағасы ендігәрі арақ шіркінді ұзақ уақыт татып алмайды, ұстамасы ұстамай... ішпейді.

Той-домалақ, алқалы жиын болса, ауылдың сыйлы ақсақалдарымен бірге Ереймен төрге шықты. Ерейменнің шаңырағы ел қатарлы қымыз мұрындық береді, соғым сайын ел-жұртты тегіс шақырып омыртқа береді. Өздері де ағайын-туыстың дәмінен құр қалмайды. Жылқышы Жайлыбай жездесі баласымен Ерейменнің қараша үйінен сый-сияпат көрмей шыққан емес. Бұл ауылдағы ең ұлғайған тойлар осы үйде өтеді, екеуінің ырыздығы ортаймайды, қазаны қаңсымайды.

Атажұртында, інібауыр, апа-сіңлі, нағашы-жиен, құда-жежкатпен сыйластығы үзілмеген күйі мерзімі жеткенде Ереймен де, Ақынай да фәниден бақиға озды. Ерейменнің соқтықпалы, аумалы жарымжан кезін адал жардың арқасында айнала көріп отырса да, ел аңдамай, мүлт жіберіп алушы еді.

Екеуінің ұл-қызы керемет болып есейді, шетінен оқыған, көргенді, адал Ел басқарған байсалды, білімді азаматтарға айналды. Ерейменнің ұрпағы көтерілді.

Отағасы қайтатын жылы Сарысудың көк өзегінде кең алқапта мыңдаған ақбас тырна орылған егіннен қалған масақтарды теріп жеп, талған қанаттарын жазып, тұн асырмаққа қонақтаған. Жылы жаққа ұшып бара жатқан тырналар аял қылады, көктемде қайта оралғанша туған жерге риза, қош деп аттанады.

Көктегі жұлдыз сирегенше мүлгіген көркем тыныштық әлемге ауамен таралады. Қазанның жетісі еді. Ақбас құстардың құраулаған үні көкжиекке сінді.

**Суретті салған: Айтолқын ҚАПАН, журналистика мамандығының 1 курс студенті**

# Ереймен мен Ақынай

(Басы өткен санда №6. 2014ж)

Ерейменнің астына сырмақ, оның үстіне көрпе төсеп, қосағы ерін жас балаша көтеріп жұмсаққа жатқызады. Ереймен дым сезбей тастай қатып, ұзақ ұйықтайды. Бұл мезгілде оның балалары үнсіз қимылдап, шаруаны тап-тұйнақтай жайғап жіберер еді. Әрқайсысы өз ісін біледі. Бір ұл отын жақса, екінші ұл су дайындайды. Сырт көзге бұлар отбасымен ерігіп, қыдырып шыққан тәрізді әсер етеді. Самауыр сарқылдап қайнайды. Сол кезде Ереймен оянады, ыңырсып, беті-басына құм жабысып, албасты басқандай мыжырайып, біртүрлі шөгіп оянады. Ернінде, сақал-мұрттында ақ көбіктің айғыз ізі қалған.

Ақынай легендегі жылы сумен ерінің беті-қолын жуып, үстінің шаңын қағады. Енді ол күбірлеп, ішінен дұға оқып, ерін ұшықтайды, жер ұшық берген мезетті ерлі-зайыпты екеудің өз балаларымен қоса өзге балалар қалт жібермей бағып тұрады.

—Қарағым, Ереймен, сен мына шаңырақтың тірегісің ғой, балалар қорқып қалды ғой, — тіл қатты Ақынай.

Ереймен ұяң жүзі төменшіктеп, ұялы көзін жерге салып, иіні түсіп отырады. Бала-шағасы мен жарының бетіне қарауға жүзі жоқ, жарытып ләм-мим демейді.

Дастархан жайылды. Үстіне құрт, май, ірімшікпен қоса, оқта-текте қоржын арқалап кеп өзбек саудагер сататын науат деген тәтті қант қоса қойылады. Алыстан аңдыған кей баланың сілекейі шұбыратын тәтті. Себебі, өз аналары мұны таңсық ас ретінде сый қонаққа сақтап, әбдіренің түбіне тығып қояды. Науатты Ақынай етегіне түйіп әкеледі. Жанқалтасынан қант шаққышын суырып алып, кесек қантты ұсақтайды. Ерейменге Ақынай үш-төрт кесе шайды зорлағандай қылып,

шөлі қанғанша ішкізеді. Ереймен кесесін төңкергенде самайынан тер саулайды. Ақынай жібек бет орамалымен оның терін сүртеді.

Шай ішілген соң кестелі ақ дастархан бүктеледі. Қостың бақанын жығады. Енді Ерейменнің үрім-бұтағы қайтқан қаздай тізіліп, келген іздерімен қараша үйіне қайта оралады.

Ереймен үш-төрт ай жаңғырғанша арақ қырсыққа жоламайды. Бірақ ұстамалы дерті ішпесіне тағы қоймайды. Жылдың төрт маусымы тәрізді кезек айналып соғады.

Ол бұл жолы ойпаң жерге тұнған қақтың үстіне құлады. Жер дымқыл ауа сыз, тұманды күннің тұнжыры жер-көкті орап алды. Ақынай сырық бақанды бір қолына, киізді бір қолына іліп, лезде жеткен. Ері қояншық ұстағандай, аузынан ақ көбік атып, тілін шайнай құлады. Кез келген жер Ерейменнің өлең тесегіндей, қара тас мамықтай көрінеді. Жасыл ойнаған кез болсын, күздің қара суығы болсын мейлі, көк күмбез Ерейменге алтын шатыр. Төлеп жауған нәсерді елең қылмай құлайды. Жер бауырына басын салып, бұзылған күн райына бағынбай жата беруге ол дағды алған. Жанын аямайды. Қыстың үскірік дауылы Ерейменге түк емес сияқты, жаздың күні болса көк майса көгалға аунауды жаны сүйеді. Бұта түбін жұмақтай көреді.

Ереймен жығылса қас қаққанша күркесі тігіледі. Ақынай тап бір қауіп-қатер дабылын күтіп, қарауыл қараған аңдуылдай шалт қимылдайды, әманда сақадай сай отырады. Әйелдің өңінде наразы ашудың табы түгіл, ырымға абыржып қиналып, үрей билеудің ізі білінбейді. Ақынай баласын қит етсе жаман сөзбен қарғайтын көк долы қатын емес. Ереймен не бүлдірсе де теріс қарамайды, күтім-бабын тауып, жарасып отырғаны. Ұл-қызы қаршадайынан ел-

гезек, еңбекқор, мейірімді, бауырмал-ақ. Мектептегі кілең оқу озаттары һәм үлгілі, зерек, тәртіпті балалар Ерейменнің үмбеті.

Мас күйеуінің басына қорған болсын деп Ақынай жаппа қос тікті. Қос түбінде әлсін-әлсін тапжылмай өткізетін уақыт балалары үшін өтпестей көрінгенімен, олардың моп-момақан сүйкімді өңдерінен не үрку, не үрпісе тосырқау сезілмес еді. Шетінен ойын жасындағы бала, бірақ қос басында алаңғасар еркелік сап тиялады. Тіпті өзара артық сөз айтуға рұқсат жоқ тәрізді үндемейді. Балаларының көкейінде осы бір елара мезет масқара күй болып орнықпағаны құдайға аян, өйткені осы бейнеттің түбі зейнет. Алабетен мезеттің әулет үшін әлдебір дегдар, қастерлі астары бар, сірә. Рас сенің өкең мас болып шалшыққа, жас жапаға, күлге, құмға, тікенекке жығылып, есі ауысқан ми айналма жаман халде беталбаты лағып жатқанын қара деп ешкім иттүрткі қылып, бұлардың бетіне басып мазасақтаннан аулақ. Контузия алса бөрінің әкесінің көрген күні осы болар еді.

Әуелгіде үлкендеуі айдалаға безе жөнелгісі келген. Тетелестері өз қатарының алдында қорынып, жасып қалып жүрді. Құдай басқа салды, көну керек. Әкесі оянғанша қара қос пана боларын, қос ішінде дастархан жайыларын қыл аяғы осы ауылдың күшігі біледі, бала атаулыға ілесіп, айналшықтап шықпайды.

Жез самауырын ақ патша заманынан бермен, конфескеде жер ошақта көміліп тасталғандықтан сақталып қалды. Кезінде Мұстафа ақберен мылтықпен қосып, орыстың қаласынан ат-арбамен алдыртқан құнды дүниенің бірі, Ақынайдың жасауына берілген.

Ереймен мастығы тарап, өңі қашып, арақтың уытынан

# ҚҰЙРЫҚТЫ ЖҰЛДЫЗ

олардың алдынан кенеттен фашистердің он екі ФЕ-190 және сегіз МЕ-109 ұшағы қарсы ұшып шығады. Тек жан-алысып, жан берісіп шайқасу керек, жеңілуге болмайды. Оған мұның аса қауіпті екені ескертіледі. «Білемін» дейді Иван Фомич. Оның көз алдына жау ұшағын құртудан басқа ештеңе елестеген жоқ, өз ұшағын оларға қарай кілт бұрып, қырандай шүйілді. Оның артынан өзінің жетілігі дегерді. Мүмкін ол тұстан Павлов ұшағын басқа жаққа бұрғанда да болатын еді, бірақ ол қорқуды білмейтін. Әскери басшыларының айтуынша, батырдың қауіп дегенді білген, қорыққан кезі болмапты. Жетілік жаудың төрт ұшағын құлатты, оның бірін эскадрильяның командирі Павловтың өзі атып түсірді, одан кейін жаудың бес машинасын, екі қаруының көзін жойды.

Ол Витебск-Полоц операциясы кезінде тағы да өзінің эскадрильясымен Дрисс өзеніндегі өткелді көздеп, дәл бомбалады. Бұл жаудың жолын кескен еді. Сол жылы Иван Павловқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Майдан кезінде қостанайлықтар, әсіресе Иванның туған жері Борис-Романовка ауылында құрылған «Красная оборона» колхозынан өз батыр жерлесіне ұшақ сатып алуы үшін 50 мың сом ақша жиналды. Бұл қаржыға майданда бір емес, төрт ұшақ сатып алынды. Оның қанатына «Павловқа –қостанайлық жерлестерінен» деп жазылды. Бұл жас батырға одан сайын жігер, құлшыныс берді.

Соғыс жылдары Иван Фомич 250 рет көкке көтеріліп, жауынгерлік тапсырмалар орындады. Жап-жас жігіт қатардағы ұшқыштан полк командирінің көмекшісі деңгейіне дейін өсті.

Риганы азат ету кезіндегі кескілескен ұрыста танк шабуылына қарсы авиалық тұтастай әуеге көтерілді. Оны жиырма екі жастағы капитан Павлов басқарды. Ешқандай қатесіз, біліктілікпен басқарудың арқасында жаудың 21 танкісі отқа оранады. 1944 жылдың аяқ кезінде әскер қимылын шебер меңгерген Павловқа полк штурманы қызметі сеніп тапсырылды. Ал 1945 жылы ақпанда әскери тапсырмаларды мүлтіксіз орындағаны және ерлік істері үшін Иван Павловқа екінші рет Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Ол атақты Жеңіс парадына қатысады. Соғыстан кейін әскери қызметте қалып, білімін жалғастырады. Фрунзе атындағы әскери академияға түседі. Оны аяқтағаннан кейін Прикарпат әскери округіндегі авиалық басқарады. Сонда батыр 27 жаста ғана болатын. Келесі жылы, яғни 1950 жылы жаттығу сабағы кезінде қаза табады.

Ол туған жері Қостанайды жақсы көрген, демалыс кезінде осында келіп, мектеп оқушыларымен, жастармен кездескен.

—Тарихта құйрықты жұлдыздай ағып өтетін тұлғалар болған. Иван Павлов сондай жасын тұлғалардың бірі еді. Батыр өте көркем, сүйкімді, ақылды жігіт болған. Замандастары арасында көшбасшылық қабілеті болыпты. Қостанайға келген сапарын аға буын өкілдері ылғи аузынан тастамай айтып отырады екен. Бір келгеннің өзінде жастардың, оқушылардың, жалпы кездескен жұрттың көңілінде соншалықты жылы



әсер қалдырыпты, — дейді облыстық тарихи-өлкетану музей директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары Галина Саталкина.

Галина Алексеевна бізге Павловпен бірге тағы да сұлу бойжеткеннің суретін көрсетті.

—28 жасқа толар-толмас Иван мен Тамара енді отау құрамыз деп жүргенде батыр әскери ұшақты сынау үшін түнде ұшады... — дейді Галина Алексеевна. Батыр қалыңдығының ғана емес, жас ұрпақтың жүрегінде жап-жас бейнесінде қалып қойды.

Нәзира СЫРОВА



Айгүл КЕМЕЛБАЕВА,  
жазушы

Облыстық ішкі істер департаменті баспасөз қызметінің мәліметі бойынша, Қостанай қаласында өткен жылы 18 жасқа толмаған жеткіншектер арасында 68 қылмыс тіркелген. Заң бұзушылардың 15 пайызы мектеп оқушылары болса, қалғаны колледж және лицей шәкірттері. 39 ұрлық, 7 бұзақылық (яғни төбелес), сонымен қатар әртүрлі ұсақ заңға қайшы әрекеттер орын алған. Қылмыстың ұялы телефондар ұрлау, ақша ұрлау, ұрып-соғып ақша бопсалау түрлері орын алған.

Алайда, жасөспірімдер арасындағы қылмыс көрсеткіші алдыңғы жылдармен салыстырғанда біршама азайған. Бұның бірден-бір себепкері, қала бойынша жеке және мемлекеттік 35 мектептегі бекітілген инспекторлардың нәтижелі жұмысы.

Иә, тағылымы мол тәрбиелі жас – ел болашағы. Келешекте ел тұтқасын ұстар азаматтардың жағдайы бүгіннен бастап алаңдатады. Жоғарыда



сенім. Осы мәселелерге нақты тоқталған адам кез келген жамандыққа төтеп бере алатын болады. Ол қалай десеңіз? Міне, ол адам үшін арақ харам, жолауға болмайды. Ата-анаға құрмет көрсету керек, оларға зекіп сөйлеуге болмайды күнәлі іс. Құмар ойындары харам дейді, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) үйретуі бойынша барлық жеңіл жолдар харам болып есептеледі, тіпті таразыдан жеу мұсылман үшін ауыр күнә. Міне сол үшін дініміз асыл таза болып келеді. Мұның ерекше болуы бұл Алланың қазі

## Елін, жерін сүйген жан дінін де құрметтейді

көрсетілген сандар әлі де бір жүйенің дұрыс емес екенін меңзейді. Ол – жастардың рухани байлығы. Абай хакімнің: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлең тармақтары қазақ қоғамының Ислам әлемінен алыс еместігінің дәлелі. Бұл тек бір мысал. Әйтпесе, қазақ сонау Қараханнан бастау алған ата-баба дінінен әлі де ажыраған емес. Жастарымызды соған сай нақ Тағала дінімен тәрбиелесек нұр үстіне нұр болар еді. Сол мақсатта қаламызда қызу жұмыс жүргізіп жатқан қалалық мешіттің бас имамының көмекшісі Дүйсен Сәріңжіпұлымен сұхбаттастым.

– **Дүйсен аға, Ислам тәрбиесі үлгісінен айтып өтсеңіз?**

– Қош көрдік. Иә, біз қазақ қашаннан Алла жар болсын деп, дініміз бен дәстүрімізді бірге ұстаған халықпыз. Қазақты тәрбие, ата мен әже тәрбиесі ең асыл қазына, керемет бір байлық. Оның осыншама құнды болуы, ол тәрбие үлгілерінің Ислам дінімен байланысы. Ата-бабамыз мұсылман болғандықтан оны көп насихаттап, ғұрпымызға енгізген. Ал Исламның ғажабы сол, ол басқа бір салалар сияқты емес. Орын алған мәселелерді түзеуге, оны қалпына келтіруге тырысып жатқан болса, ал Шарифат заңдары (Шарифат мұсылмандардың өмір сүру жолы) керісінше сол оқығалар болмас үшін, дерттің алдын алады. Яғни, бұл дегеніміз, адамзатты сондай бұзақылық пен азғындыққа жібермеу жолын қарастырады. Мысалға, қасиетті Құран Кәрімде айтылады: зина жасамаңдар, ішімдікке жоламаңдар, біреудің ақысын жеп, айлакерлікпен табыс таппаңдар. Харамға жол бермейді (харам-шариғат тыйым салған нәрселер). Осы үшін біздің асыл дініміз алты сенім негізін қояды. Сол алты негіз мұсылманның жүрегінде орнықса, нағыз иман келтірген жан бұзақылыққа жоламайды. Ол алты шарт: Аллаға сенім, ақыретке сенім, періштелерге сенім, кітаптарға сенім, пайғамбарларға сенім, тағдырға сенім, өлгеннен кейін о дүниенің барлығына

оның хақ болуы. Осындай шарттар қазің дәстүрінен де кейде көрініс тауып жатады, бұл бізге Исламның жат емес екеніне дәлел. Сондықтан қазақ балалары иман нұрымен нұрланып, діни біліммен сусындап өсуі қажет.

– **Сіздердің тараптарыңыздан жастар үшін қандай шаралар жүргізіліп жатыр?**

– Шоқан қажы Ғазизұлының бастамасымен, облыс имамының қадағалауымен мешіттеріміз бірталай игі істерге себепші болып жатыр. Соның бірі уағыз-насихат. Қаламыздағы білім ордаларына барып, студенттердің, білім алушылардың діни сауатын ашу мақсатында кездесулер ұйымдастырамыз. Атап айтсақ, Қостанай мемлекеттік университетінде, педагогикалық институтында, мектептер мен колледждер де көптеген үгіт-насихат жүргізіміз. Сонымен қатар, 2014 жылдың қыркүйек айынан бастап, мешітімізде әр бейсенбі сайын ауыз ашар болады, ас беріледі. Дастархан басында мешіт ұстаздары уағыздар айтып, һәм дүниелік, һәм рухани азық сыйлайды. Көбінесе осы бейсенбі күні жастар келетін. Тек қана қазақтар емес, басқа да ұлт өкілдері келіп, мұсылман бауырларымыз қазақтың етін жеп, сорпасын ішіп, ұлттар арасындағы достық пен сыйластық артып жатыр және де діни мерекелер күні мешітіміз жастар арасында ұлттық ойындардан көптеген жарыстар өткізеді. Мысалы өткен Құрбан айт мейрамын біздің мешітіміз ерекше атап өтті. Арқан тартып, қол күрескен жігіттеріміз мешітімізге иманға бір табан жақындады десек болады. Осылайша дінді ғана емес, ұлттық дәстүрімізді де жандандырып жатқан жайымыз бар. Жастарымыз үшін Алла үйінің есігі әрдайым ашық.

– **Сұхбатыңыз үшін рахмет. Асыл дініміздің туы жығылмасын.**

**Кенже ҚОНЫСБАЙ,**  
ҚМУ ГӘФ журналистика мамандығының  
2 курс студенті

ізденіп оқығаны бар ол алдымен өз жұмысының мазмұны мен бағытын ғылыми түрде анықтап алуы керек, біріншіден, адамзат өзінің дамуында бірнеше кезеңдерді (мысалы, ежелгі дүние, ортағасырлық кезең, жаңа дәуірді, т.т.) бастан өткізді десек, сол кезеңдерде болған тарихи оқиғалар қазақтың басынан да өткені, оның басқа халықтар сияқты оған қосқан үлесі де бар екені анық. Екіншіден, Қазақтың тарихы – өзін біртұтас дүниежүзілік тарихтың ажырамас бір бөлігі ретінде қарастырылуы керек; сондықтан өзін осы салада қызмет етіп жүргеннен кейін бір түйген ойым мынадай: жалпы, тарих ғылымы өз алдына зерттеу жұмыстарын жүргізе берулері керек (өйткені, ол ауқымды, күрделі әрі көп уақытты қажет ететін көпәспектілі еңбек), ал таяу арада (бұл кезек күттірмес мәселе, өйткені уақыт өтіп жатыр, ұрпақ өсіп жатыр дегендей) өресі де, тәжірибиесі де жеткілікті мұғалімдеріміз бен ғалымдарымыз орта білім беру саласындағы оқушылар үшін «Қазақ тарихы» оқулығын қайта қарастырып, жіберілген қателіктерін түзеп, қазақи дүниетанымда ұлттық көзқараста, саяси-идеологиялық жағын да ескере отырып, жеке тұлғаларға, кезеңдерге және тарихи оқиғаларға байланысты цифр-фактілерді нақтылап, сапалы оқулық жазып шығу керек. Сапа жағын тура айтар болсақ (карталардың, тақырыптық жоспарлар мен тапсырмалардың айшықты етіп көрсетілуі, фото-суреттердің болуы, т.с.с. айтпағанда), оның жазылуына, ішкі мазмұнына мен берілсе (айталық, кезеңдерге бөлу мәселесі, мысалы: Сақтар дәуірі, Ғұндар заманы. Түркі Қағанаты, Моңғол-Түркі үстемдігі кезеңі, Қыпшақ белесі, Алтын-Орда тұсы, Қазақ Хандығы және Тәуелсіз Қазақ Елі деп алынса). Бұл себепсіз айтылып отырған жоқ, біріншіден, тарих ғылымына тән нақтыланбаған жорамал, болжамдарға толы материалдармен оқушының басын ауыртпай, аз әрі саз жазылар еді; екіншіден, бүткіл Түркі өркениетінің орталығы, бабаларымыздың алтын бесігі – Алтай деп алып, «Аш бөрі аштығын көрсетпес» дегендей ұялмайтын, ар көретін, намысшыл «мен» дегізерлік қызықты, тікелей (немесе жаңамағай) қатысы бар деген тақырыптар берілсе (ал, кеңес заманындағы немесе орыс патшалығы үстемдік еткен тарихи кезеңдер мен оқиғалар жеке хрестоматия түрінде немесе арнайы оқу орындарында, ЖОО-да ғана толық оқытылса жеткілікті болар еді). Егер, мектептегі оқушының ойымен санасар болсақ, ол әдеттегідей ҚР білім және ғылым министрлігінің мақұлдап, оны ғылыми кеңес бекіткен оқулықтан берідегі 1986 жылғы қазақ жастарының қасіретті Желтоқсанда үш күнде басылып-жаншылуын оқиды, одан әрі 1916 жылғы қазақтардың ұлт-азаттық көтерілісінің жеңіліс тапқанын, арғы тарихымыз Сырым,

Исатай, Махамбет, Жанқожа, Есет, қазақтың соңғы ханы Кенесарының бас көтерілулері де немен аяқталғанын оқиды. Сібірдең, Еділден айырылуымыз, оның бойындағы елді-мекендерден кетуіміз, т.с.с. сонда оқушы (келер ұрпақ) қандай ойда болар еді (сонда, «ббаларымыз осал болған ба?» деп айтпасына кім кепілдік бере алады). Жалпы, тарих – жүздеген жылдық тарихымен емес, ол – мыңдаған жылдармен (тіпті, дәуірлермен) өлшенетінін есте ұстасақ сексен жыл, үш жүз жыл деген тарих үшін қас-қағым сәт қана.

Салыстырмалы түрде айтар болсақ, естуімізше, Ресей өзінің тарихын «История Отечества» (Отан тарихы) деп алғанымен, қазір Ресей тарихшы-ғалымдары оқулықты «История империи» (Империяның тарихы) деп алып, саяси тарихын оқытып жатқан көрінеді (түсінікті ғой, 1-Петрдің Қазақ Елін «Азияға кірер қақпа» деп, оны болашақта жаулап алу нысанына айналдыруы, соңынан Ермақтың Сібірді жаулап алуы, Суворовтың Еділ бойынан ноғайлы-қазақтарды қырғынға ұшыратып, қуып шығуы, генерал Скобелевтің Орта Азияны алуы, оның түріктермен соғысуы, т.с.с.). Ал, жалпы қай елдің болсын тарих атаулы жеңістермен бірге жеңілістерден тұратынын ескерсек, орыстар Алтын Орда заманында қандай «дәуренді» бастан кешіргендерін айтпай-ақ қояйық, берідегі (өздерінің әбден өз-өздеріне келіп, күшейген тұста) «Мәскеу – үшінші Рим» деген доктрина қабылдап, Стамбұл түріктерінің жерін тартып ала алмағандарын, 1904 жылы Цусима соғысында адмирал Макаровтың атақты «Варяг» кемелерімен бірге теңіз суы астына кетіп, кішкентай ғана төрт аралдан тұратын Жапониядан жеңіліп қалуы немесе сол өткен ғасырдың 1939 жылғы совет-фин соғысында бес млн. ғана халқы бар финдерден жеңіліп ұятты болғандарын қазір олар айта ма екен? Жоқ, айтпайды. Неге? Өйткені оны айтқызуға немесе айтуға орыстың «ұлылық ауруы» («мания величия»), сосын орыстың ұлыдержавалық шовинизмі, намысы жібермейді.

Сөз соңында айтарым, елімізде тұрып ұрпақ өсіріп, барлығы бір кісідей Қазақ Елінің игілігі үшін оқып, қызмет етіп жатқан түрлі ұлттар арасындағы береке-бірлікті арттыруда, алыс-жақын мемлекеттер арасындағы тарихи-мәдени, саяси-экономикалық байланыстарымызды одан әрі нығайтуда, ең бастысы, Ата-Заңымызға сай мемлекетті өз атымен атап, барша ел-жұрттың жауапкершілігін өз мойнына алған қазақ Ел тарихын тарихи һәм ғылыми тұрғыдан зерттеп, жаңаша тұрғыдан ой қорытып, өз болашағын Ел мүддесі үшін айқындап, бағыт-бағдар ұстануы ешкімге бөгет болмай хал.

# Ел жастарын отан сүйгіштікке тәрбиелер қазақ тарихы қалай оқытылуы керек?



Бірмағамбет  
ТОТИН

Қазіргі жағдайда мемлекеттік деңгейде ең көп айтылатын мәселелердің бірі – ұлттық қауіпсіздік мәселесі, соның ішінде ең үлкен қауіпсіздік – білім жүйесі. Адамды адастырып, тарихымызды бұрмалап, ұлттық идеологиядан жұрдай қылып, адами құндылықтардан аздырып, мемлекетті әлсірету үшін – білім жүйесін қиратса болғаны, бәрі құрдымға кетеді екен. Жаһандану заманында елдің елдігін сақтап, мемлекетті нығайтудың ең басты белгісі, заманауи құралы білім саласы екенін күллі әлем мойындап отыр. Кезінде ғұлама Шоқан: «елдің елдігі – оның тәуелсіздігі мен білім жүйесінің мықтылығында» деген екен. Қазақ Елінің тәуелсіздігін ұстап тұру үшін өз ұлтын сүйетін, Ел үшін жанын беретін әрбір істе мемлекеттік тұрғыдан ойлай білетін рухы мықты, еңсесі биік, еркін ұрпақ тәрбиелеу мәселесі. Өйткені, қазақтың саны артса екен, олар байқатты болса, мәдениетіміз өссе екен, Еліміз гүлденсе екен, Ел тәуелсіздігі баянды болып басқа жұрттармен (мемлекеттермен) экономикалық жағынан да, саяси жағынан да тереземіз тең болып, бәсекеге қабілетті болсақ екен, т.с.с. арман-тілектерімізді жүзеге асыру келер ұрпақтың қолында.

Сондықтан, ел жастары тәрбиені, әсіресе отансүйгіштік деген қасиеттерді (патриотизмді) өз Елінің тарихынан, өзінің түп-тамырынан, шыққан тегін білуі арқылы алады. Тарихи тамырын біліп, соны бойға сіңіріп өскен ұрпақ өзін ғана емес, өзгені де тани алады. Өкінішке қарай, көптеген Ел жастары өз ортасында (уақытында түрлі жағдайларға байланысты үй-іші, ата-аналарының, дос-жарандарының жанында) өзіндік сана-сезімдері айтарлықтай қалыптаспағандан кейін, қазір олардың тарихи, ұлттық-мәдени, қоғамдық-саяси санасы да төмен болды. Осыдан кейін көпшілік жағдайда өзгенің жетегінде (діни, коммерциялық

секталарға, түрлі радикалдық ұйымдарға т.б.) кетіп жатқанын БАҚ-тан естіп-көріп те жүрміз. Мәселенің басы – тұлғаны қалыптастыру (бір сөзбен айтқанда, оның жанын тәрбиелеу), біріншіден, ол ошақ қасынан басталады (яғни, әрбір ата-ана өз балаларына ие болуы керек, онсыз ешбір ұйымның, топтың, т.с.с. берер көмегі шамалы). Кейін оның ары қарай ұлт ретінде, қоғамның толыққанды мүшесі немесе ел азаматы ретінде қалыптасуына білім, мәдениет, ғылым ордаларының, оқытушылардың адамгершілігіне, білім деңгейіне байланысты (оның өзінде, белгілі бір деңгейде көзқарасы қалыптасып қалған жанға, ол қажетті дегенін беріп, оған тек бағыт-бағдар ғана бере алады, ал қалғаны өзіне байланысты). Бұл әрине, жеке өз алдына үлкен - мәселе.

Бұл тұрғыда оқушыларды, яғни келешек Ел жастарын тәрбиелеуде мектептегі оқулықтарының да алар орны ерекше, дегенмен, бір жағынан сырт көздің айтар сыны да, міні де жеткілікті. Қазіргі оқулықтар қай тұрғыда жазылуда? Ол оқулықтарды кімдер жазды, оны жазуға қандай мекеме немесе кімдер рұқсат етті, қандай көзқараста жазылған, қандай деректер мен материалдарға сүйеніп жазылды, жалпы ол кімдерге арналған? т.б. сауалдар жауапсыз қалуда. Бұл салада атқарылатын, ізденіс жасайтын, талдайтын мәселелер әлі баршылық. Әсіресе, зерттеу тақырыбын философиялық-дүниетанымдық, тарихи-мәдени, саяси-идеологиялық тұрғыдан қарау мәселесіне келгенде. Сондықтан, жарыққа шығып, қолданысқа еніп жатқан оқулықтар осы жағынан тиянақты әрі терең ойластыруды қажет етеді.

Ақпараттық технологиялардың қарқынды даму заманында, оқытушы өзіне қажетті деген оқулықтарды сабақ барысында пайдалана отырып, бір жағынан өзінің көрген-білгенін, өз бетінше

# Достық Жарасымы

Рудный индустриялық институтында барлық білім ордалары секілді түрлі шаралар өтіп жатады. Өткен жылы сәуір айында осындағы студенттердің Кіші ассамблеясы құрылды. Оның төрағасы институттың тәрбие ісі жөніндегі проректоры Жасұлан Алпысбаев болды, оның орынбасарлығына студент Жанна Кравченко сайлаған болатын. Жұмыс бірден қызу жүріп кетті. Кіші ассамблеяның белсенді жастары «Рудный индустриялық институтындағы жарасымды достық келісім» атты фестиваль өткізді. Кіші ассамблея мүшелерінің ұйымдастыруымен өткен жастық думан түрлі ұлттық бояумен қаныға түсті.

– Маған студенттер ассамблеясы өткізген шаралардың ең алдымен дайындығы ұнайды. Біз әр ұлттың жастары бір үйдің балаларындай болып кетеміз. Олардың әрқайсысы өз ұлтының ұлттық киімін, тағамдарын әкеледі. Өлеңдерін, билерін үйретеді. Қызу жұмыс жүреді, шаршаймыз, пікірталастар да туып жатады. Ал Кіші ассамблея ұйымдастырған шара сәтті өткенде бізден бақытты жан болмайды, дос құшақтар айқасады. Мұндай сәттер әр студентке керемет рухани күш береді, – дейді Рудный индустриялық институты Экономика және құрылыс факультетінің 2 курс студенті Жанна Кравченко. Бірқатар қазақшасымен Кіші ассамблея жұмысын баяндаған қыздың жүзі бал-бұл жанады.

Рудный қаласында 60-тан аса түрлі ұлттың өкілі тұрады. Кеншілер қаласы тарихының өзі бүгінгі жастардың атасы мен әжесінің жастық шағымен тікелей байланысты. Осыдан алпыс жыл бұрын алғашқы кеншілер шатырын комсомолдық екпінді құрылысқа келген түрлі ұлт жастары тіккен болатын. Рудный қаласы олардың мәңгі құт мекеніне айналды. Осы жерде отау құрды, ұрпақ өсірді. Кеншілер қаласын бірге көркейтті, экономиканы бірге дамытты, еліміздегі уақыт өзгерістерін де бірге көріп, еліміздің тәуелсіздігін де бірге қарсы алып, іргетасын мықтап келеді. Аға ұрпақ түрлі ұлт пен ұлыстар арасындағы достықты бояуын солғындатпай кейінгі ұрпаққа бере білді.

– Кіші ассамблея студенттер арасындағы достықты, татулықты, бірлікті сақтай отырып, қоғамды дамытудың, мемлекеттігімізді нығайтудың тамаша тетігі де болады. Мысалы, біз «Қазақ тілі және үш тұғырлы тіл» тақырыбында дөңгелек үстел отырысын өткіздік. Жастар үшін тіл мәселесі айырықша маңызды екенін білеміз. Соның ішінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуді де талқыладық. Біздің институтта әр аптаның жұма күні мемлекеттік тіл күні болып саналады. Кіші ассамблея кеңесі осы істі жандандыруды, қалыптастыруды ойластырды. Сол күні сту-



денттер қазақ тілінде сөйлесуге тырысады, ең болмағанда аудиторияларда қазақша аманда-самыз. Мемлекеттік тілді білген достарымыздың төбесі биік, олар өзін сенімді сезінеді, – дейді Жанна.

Орыс қызы Жанна Кравченконың өзі қазақ тілінде тіл сындырып қалған. Студенттердің Кіші ассамблеясының қатары 40 студентпен толықты, корей Николай Пак, татар Роман Файзуллин, қазақ Алтынгул Байтық, орыс Анастасия Самойлова, украин Виктория Полковниченко, удмурд Денис Наговицын белсенділік танытады. Кіші ассамблея институттағы әр шараны шығармашылық тұрғыдан дайындап өткізеді. Институтта білім нәрімен суындап жүрген 20 ұлт өкілдері студенттер сахнасынан ән шырқап, билейді. Жастар киген ұлттық киімдердің сұлулығында шек жоқ, студенттер сахнасы бояулар мен музыка гаммасына айналады. Ал оның мазмұны біреу ғана – Тәуелсіз Қазақстандағы бейбітшілік пен келісім, жастар арасындағы шынайы достық болатын.

Жәмила СЕЙІТХАНОВА,  
Рудный

# ЛАЙЫҚТЫЛАР

Қостанай облысындағы Меценаттар клубы сыйлығы мәдениет, өнер, ғылым және журналистика салаларындағы дарындарға табыс етіледі. Таланттарды материалдық тұрғыда қолдау 2000-шы жылдардың басынан бері дәстүрге айналды. Бүгінге дейін өңірдегі Атымтай-жомарттар бұл үшін миллиондаған теңге қаржы шығарды. «Шабыт» сыйлығы талантты жастарға арналған болса, «Қазына» сыйлығы жоғары кәсіби шеберлер үшін беріледі.

Меценаттар клубы тағайындаған «Қазына» мен «Шабыт» сыйлығын облыста осы уақытқа дейін 350-ден аса талантты жандар иемденген екен. Меценаттар клубы тағайындаған сыйлықтарды облыстағы беделді оқу орындарының бірі А.Байтұрсынов атындағы Қостанай

мемлекеттік университетінің бір топ оқытушылары да иемденді. Атап айтар болсақ, аталмыш оқу ордасының профессоры, журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының доценті Ақылбек Шаяхмет «Қазына» сыйлығының «Әдебиет» аталымы бойынша лауреат атанса, Шетел филологиясы кафедрасының доценті Меңзада Сәмамбетова «Ғылым» аталымындағы сыйлыққа ие болды. Ал философия кафедрасының



аға оқытушысы Денис Качеев «Шабыт» сыйлығын «Ғылым» аталымы бойынша алды.

Ұстазымыз филология ғылымдарының кандидаты Ақылбек Шаяхмет республикаға аты мәшһүр ақын. Оның поэзиялық шығармаларымен қатар, публицистикалық және зерттеу кітаптары да оқырманын қуантқан. Сонымен қатар драмалық шығармалары да бір төбе. Ол «Ыбырайдың өсиеті» пьесасы үшін өткен жылы «Алтын қалам» сыйлығын алған болатын.

Меңзада Сәмамбет ағылшын тілін таза меңгерген ұстаз - ғалым. Ол студенттерге арнап бірнеше оқу құралдарын жазды. Сонымен қатар оның ағылшын тілінде жазған ғылыми мақалалары халықаралық беделді ғылыми журналдарда жарияланып тұрады. Зият ғылым – философияны таңдаған Денис Качеев өзін ғылым жолының нары болсам деп армандаған еді. Сол мақсат жолында келеді. Ол жас та болса, бірнеше ғылыми мақалалардың авторы, олар ғалымдар тарапынан үлкен бағаға ие болып үлгерді.

Оқу ордамыздың білікті оқытушыларын құттықтай отырып, еңбектерінде табыс тілейміз!

**Әйгерім ЕСМАҒАНБЕТ,**  
ҚМУ ГӘФ журналистика мамандығының  
4 курс студенті



сұрағанда, бір ғана сөзбен «қанағат» деп жауап бергені еске түседі. Осы бір ауыз сөзде терең мағына бар. Ешкімді ала-ламайтын, өзгенің ала жібін аттамайтын қасиетіңізге ризамын. Меніңше мұның бәрі ата мен әке өнегесінен деп білемін.

Атаңыз Мұхамеджан да, әкеңіз Байғоныс та ел сылаған өнерлі жандар болыпты. Сіздің тегіңізді елдегілер «ән дарыған әулет» деп атайды екен. Себебі атаңыз Мұхамеджан Өтелбайұлы дүйім елді әнімен тәнті еткен арқалы әнші еді. Оның атағы өз дәуірінде Торғай, Қостанай, Ақтөбе, Қараөткел, Ұлытау аймақтарына кеңінен таралған. Кейбір көнекөз қариялардың айтуына қарағанда, Арқаның сал-серілерінің алдында талай ән салған. Кейбіреулерінен бата алған. Бабына түсіп ән салғанда даусы алты қырды ардақтап, тіпті он екі шақырымға дейін талып естіледі екен. Неткен ғажайып дауыс десеңізші?! Атамыз әнші ретінде қазақ өнерінің зерттеушісі Талиғаның жазған анықтама мақаласы негізінде кеңес заманында 1980 жылы жарық көрген совет энциклопедиясының 8-ші томына аты енген адам.

Ал әкеңіз Байғоныс та қара жаяу болмаған. Ата өнегесімен әншілікті өміріне серік еткен. Торғай өңіріне аса танымал Нұрхан Ахметбеков «Торғайдан төңкерілген зор айқайы Есіл мен Тобыл суына толассыз төккен» деп әншілігіне зор баға берген. 1936 жылы Алматыда өткен республикалық фестивальде жыр алыбы Жамбылдың батасын алған. Ұлы Отан соғысында қолына қару ұстап, ел намысы үшін жан аямай соғыса да білді.

Әкенің мінезі қаталдау еді. Тұңғыш ұлы болған соң сізден үлкен үміт күтетін. Сіз де әке үмітін ақтауға бар күш-жігеріңізді салдыңыз. Ең бастысы, өзіңіз туралы жаман сөз, жағымсыз пікір естіртпедіңіз. Байғоныс әке өз ортасында басқа адамдарға қарағанда сауатты кісі болатын. Ұлы Абайдың шығармаларын жастанып жатып оқитын. Қасым Аманжоловтың жалынды жырларын жатқа айтатын. Әлі ақталмаса да, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов туралы көп дүниелерді білетін. Халық ақындары Шөже, Орынбай, Өске, Жамбылдың өлеңдерін әндетіп айтатын. Ән айтуыңыз да, ақындардың өлеңін жатқа оқуыңыз да сол қаннан келген қасиет болса керек.

Орыстың тілін өз тіліңіздей білесіз. Өз тіліңіз – қазақтың тілін арыңыз бен

намысыңыздай көресіз. Жұмыста да мемлекеттік тілге баса назар аударасыз. Кейде қолға қалам алып, өлең де жазып жатқаныңызды іштей сезетінмін.

Бір журналистің: «Аға, сіз де үлкен лауазымда отырсыз. Санаңызды ұлатпай қалай сақтап келесіз? Мансаптың буы жаман деседі ғой?...» деген сұрағына, сіз: «Мен қандай қызметте жүрсем да заң бұзушылыққа барған емеспін. Қазақтың «малым-жанымның садағасы, жаным—арымның садағасы» деген мықты қағидасы бар. Өмір бойы ұстанып келе жатқан қағидам осы» деп жауап бергеніңіз есімде. Бұл шын мәнінде жаттанды емес, жүректен шынайы шыққан сөз болатын.

Сіздің бойыңызда қазіргі жастарға үлгі болатын үлкен өнеге тұрған. Ол біріншіден, сіздің өмір жолыңыз, екіншіден, мектепте де, институтта да орысша оқығаныңызбен қазақ тілінде шебер сөйлей білетіндігіңіз. Себебі, ұлттық тіл мен діліңізді, даламыздың мәдениетін бойына сіңірген сіз екі жақты да тең ұстай білген тұлғасыз.

Ореке! Сізбен сұхбаттасқан жан мәнді, мағыналы сөз естіп, рухани күш жинап шығатынын айтып. «Құнды сөз құнарлы ойдан туады» демекші, айтылған сөзіңіздегі салиқалы ойларыңыз да мені толғанысқа түсіретіндіктен, үнемі күнделігіме түртіп қойып отырамын.

Білімді адам көп сөйлей бермейді. Ретімен, жөнімен сөйлейді.

\*\*\*

Шала білімді өзін көрсеткісі келіп тұрады. Ал білімді жан оған мұқтаж емес.

\*\*\*

Күрмеулі тұстарда көрегенділік жасай алу да пайымдылық пен парасаттылықтан туындайды.

\*\*\*

Парасаттылық та тектіліктен келеді.

\*\*\*

Өмірде көп оқып, көп тоқығанын қаннан сіңген қасиетпен біріктіре білген жан дегдарлық мінезге ие болады.

\*\*\*

Азаматқа төн жүкті көтеру үшін оның бойында айтар ойы мен лайықты мінезі болуы қажет.

Рим философы Сенека «Жақсылыққа үлгі көрсетіп жетпесе, уағыз айтумен жету қиын» деген екен. Өзіндік өнегеңізбен жақсылыққа бастаған адамдық қасиеттеріңіздің бір тамшы қыры осындай...



Әкім ЫСҚАҚ

# Қарашадағы хат

Орал Мұхамеджанов қайтыс болғаннан кейін «Адам, тұлға, азамат» атты естеліктер жинағы жарық көрген болатын. Оқушылар назарына осы кітаптағы Әкім Ысқақтың «Қарашадағы хат» естелігінен үзінді беріп отырмыз. Бұл хатты Әкім Ысқақ Орал Мұхамеджановтың көзі тірісінде, 2011 жылы 11 қарашада оның

Ешкімді де бөле-жара қарамайтын, тот баспайтын алтын пейіліңіздің арқасында қаншама жанның көңіл төрінен өлмес орын алдыңыз. Сондықтан да сол жүректерде өмір сүре бересіз.

Сізбен сырласа білген әрбір сәттің өзі қымбат маған...

Бүгін қаламды қолға алып, өзіңіз туралы толғанып отырмын, Ореке! Бұл саяси да, қызметтік де дүние емес, інінің ағаға деген шынайы сыры, ізгілікті хаты деп біліңіз. Жайдары мінез, бауырмал кейпіңізді еш уақытта ұмыта алмаймын. 1999 жылы депутаттық өкілеттігіңнің мерзімі аяқталғанда Елбасы Президент Әкімшілігіне мемлекеттік инспектор ретінде шақырды. Сонда ғой, көрегендігіңізді танытып, тура туыстай қарсы алып едіңіз. Бөлімдегілердің бәрі сізбен ақылдасатын, пікірін бөлісетін. Басшыларға айта алмайтын ойларын сізге айтатын.

Сіздің бойыңыздағы қадір-қасиеттің, өмірге құштарлықтың нұрын, гүлін көрген сайын қызығамын. Жақсы адамның қасында жүрсен жақсылығын сезесің. Ал жаман адамның кесепаты тимей қоймайды. Ал мен Сізден тек жақсылықты, ізгілікті көріп келемін. Мен ғана емес, осынау үлкен жүрегіңіздің, ыстық ықыласыңыздың нұрына бөленіп жүрген жандар қаншама?!

Жақында Рысбай ағамның кітабынан: Тектіден текті туады, Тектілік тұқым қуады. Тегі бекзат болғандар, Өмірдің мәнін ұғады. Тұғырында өмірдің,

Әрқашан биік тұрады, – деген өлең жолдарын оқыдым. Шынын да, адамның жақсы болуы тегіне байланысты. Алған жақсы тәрбиеңіздің әсерінен болар, қайда жүрсеніз де, қандай ортада болсаңыз да, қандай

жауапты қызметтер атқарсаңыз да өзіңізді дәлелдей білдіңіз. Аталардың өнегелік ұлағатын өмірге ұран етіп, айналаға шуағын шашып жүру кез келгеннің қолынан келе бермес. Жақсыны да, жаманды да, қызықты да, шыжықты да көрдіңіз. Жоқпын деп саспадыңыз, бармын деп таспадыңыз. Қиындықтан қашпадыңыз, бар істі ізгіліктен, жақсылықтан бастадыңыз. Осы орайда ұлы ойшыл Әбу-Насыр әл-Фарабиден «Бақыт деген не?» деп

## IX ҚМУ СUP

ҚМУ СUP оқу ордамызда 2005 жылдан бастап жалғасып келе жатқан дебат турнирі болып табылады. Міне, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ректоры кубогіне арналған 9-шы Халықаралық ҚМУ СUP турнирі өз мәресіне жетті. ҚМУ

«Сұңқар» спорт кешенінде «Саулауатты өмір салты» ұранымен пікір-сайысшылар арасында футбол ойыны болып өтті. Пікір-сайысшылар спорттан да құр алақан емес екендерін көрсетіп, жоғары деңгейде жарысты. Пікір-сайыс турниріне алғашында қазақ лигасынан 80 команда, орыс лигасында 43 команда тіркелген. Бөлінген квота санына, сонымен қатар командалардың мықтылығына байланысты барлығы 56 команда іріктелініп алынды. Нақтырақ айтқанда, қазақ лигасынан 28, орыс лигасынан 28 команда іріктеу сынынан өтіп, өздерінің мықтылығын көрсете білді. Турнирдің негізгі тақырыбы «Қазақ хандығына 550 жыл» ауқымында өткізілген турнирге еліміздің барлық аймақтарынан келген пікірсайысшылар жоғары дәрежеде ойнады. Турнирде барлығы 15 жоғары оқу орындарының ойыншылары бақ сынады. Айта кетсек, Астана, Көкшетау, Семей, Қарағанды, Алматы, Тараз, Қызылорда, Ақтөбе қалаларынан келген ойыншылар бір-бірімен сайысқа түсті. Аталмыш пікірсайыс турниріне тек Қазақстаннан ғана емес Ресей аймақтарынан да келді. Нақтырақ айта кетсек, Ресейдің Тюмень, Екатеринбург, Омск, Челябинск қалаларынан ауа райының қолайсыздығына қарамастан дебат турниріне асыққандар аз болмады.

ҚМУ акт залында жеңіске жеткен командалар мен айрықша көзге түскен пікір-сайысшыларға мақтау қағаздары, сыйлықтар мен кубок берілді. Қатысқан командалардың барлығы дерлік өздерінің ұтқырлықтарымен, ұшқыр ойларымен, шешендік өнерімен төрешілерді және қонақтарды таң қалдырды. Ойынның қорытындысы бойынша айқын басымдылықпен, дәйікті тұжырымдамаларымен 1 орынды «Қазақтың еврейлері» командасы еншіледі. Ойын барысында астарлы ойымен қатар әдемі өзілді ұштастыра білген бұл команда пікір-сайысшылары Бекарыстан Аманжолов Астана қаласы «Оратор» дебат клубы, Абай Отарбаев Қарағанды қаласының «Бірлік интелектуалды» пікір-сайыс клубының мықтылары болып танылады. 2 орынға үлкен еңбекпен Көкшетау мемлекеттік университеті «Діпмәр» дебат клубының ойыншылары Әділет Сембі мен Асқар Кәкен еншіледі. Ал 3 орынға Астана қаласының Еуразия ұлттық университеті «Жеті жарғы» дебат клубының мүшелері Жұлдыз Жүнісова мен Бауыржан Әшірәлі лайық деп танылды. Астана қаласы Еуразиялық ұлттық университетінің «Парасат» клубы мүшесі Ерназар Тұрғазы «Үздік

спикер» атанды. Әділ саралап, дұрыс бағасын берген «Үздік төреші» атағын «Ахмет ұрпақтары» дебат клубының ойыншысы Шәкәрім Серікбай еншіледі. Осы тұста айта кететін жағдай, дебатқа қатысушылар тарапынан төрешілерге ешқандай мін тағылған жоқ.



Осыдан-ақ «Ахмет ұрпақтары» ойыншыларының жоғары деңгейде екенін көре аламыз. Аталмыш турнир жеңімпаздары Бекарыстан Аманжолов, Абай Отарбаев университет ұжымына алғысын білдірді.

– «Біз осы Қостанай мемлекеттік университеті қабырғасындағы «Ахмет ұрпақтары» пікір-сайыс клубына өте ризамыз. Себебі 4 жыл қатарынан келіп жүрсек те ұйымдастырушылар жағынан ешқандай қателік көрмедік. Әр жылғы турнир өзінше бір ерекшеліктерімен есте қалып жүр. Турнирді өте жоғары деңгейде өткізетіні соншалық, жыл сайын Қостанай қаласына асығып тұрамыз. Және ойыншылары да, төрешілері де өте жоғарғы деңгейдегі пікір-сайысшылар деп айтқымыз келеді. Келесі ҚМУ-капта кездескенше», – деп өз қуаныштарымен бөлісті.

ҚМУ СUP турнирі жайлы Хабар, КТК, 24KZ, Алау, Қазақстан-Қостанай телеарналары арнайы хабар түсірді. Облыстық Қазақстан-Қостанай телеарнасының «Тобыл таңы» ақпараттық сазды бағдарламасының тікелей эфирінен клубымыздың белді мүшелері Гүлім Опина 2012-2013 жылдардағы үйлестіруші, 2014-2015 жылдар арасындағы «Ахмет ұрпақтары» дебат клубының президенті Жадыра Жантықбаева және Рауан Карамурзин турнир туралы сұхбат беріп қайтты. «Білімді салауатты адамдар – бұл 21-ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, біздер бәріміз «21 ғасырдың білімді де, сауатты адамдары болуымыз керек!» Мақсатымыз айқын, ендеше іске сәт!

Айзат АСҚАРҚЫЗЫ,  
ҚМУ ГЭФ журналистика мамандығының  
3 курс студенті

60 жылдық мерейтойына арнап жазған екен. Оны кейін толықтырып, естеліктер кітабына ұсынған.

Орал аға! Сіз өлген жоқсыз! Сіз ешкімге ұқсамайтын, жанары от пен мейірім шашып тұратын, жүрегі тек ізгіліктен жаралған тұлғасыз.

Сіз өлген жоқсыз! Сіз жақсы жандардың жүрегінде жерлендіңіз. Сіз шын мәнінде өмірге бір-ақ рет келетін, қайталанбайтын нағыз ер-азамат едіңіз.

# Асабаның алуан қыры

Қорқыт атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы, этнограф ғалым, айтыскер ақын Серік Ыдырыс жол тусіп, елге келген сапарында Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ журналистика мамандығы студенттерімен кездесу өткізді. Кездесуде ол тіл мен дің, ел мен жер туралы ойларымен бөлісіп, студенттер сауалдарына жауап қайтарды. Қазақта қан тамыры, діл тамыры және дін тамыры ежелден бар екеніне тоқталып, нақты мысалдар келтірді. Домбыраға қосылып бірнеше терме орындап берді.

Айналайын атыңнан,  
Байтұрсынов Ахмет,  
Тобылдың бойы шақырған,  
Сырттан келген ақын ек,  
Нағашыбай, Ақылбек,  
Ағаларға рахмет!  
Ұрпағының бойына  
Жеміс берер ақыл ек!  
Бабалардың мұрасын  
Жүрегіне нақыл ет.  
Қыздарымды жайнатып,  
Ұлдарымды батыл ет,  
Сырдан келген Серіктің  
Ақ батасын қабыл ет! – деп жастарға батасын берді.

Серік елге танылған асаба. Суырып салма ақындығы бар, ел-жұртқа жақындығы бар, қайда жүрсе де, тойдың сәні. Сол себепті оған қолқа салушылар да көп. Серіктің өз аузынан естігенімді айтайын. Бірде оны қалталы азаматтардың бірі ат сабылтып алыстан іздеп келеді. Тек Серікті ғана емес, сол маңайдағы асаба болып жүрген бірнеше азаматты арнайы шақыртып, сынақтан өткізеді. Ақыры Серікке тоқтайды.

Қайда барса да құрмет көріп жүрген Серік той басталар алдында елеусіз қалады. «Сен кімсің?» деген кісі болмайды. Қош, той да өтіп, ырду-дырду біткен соң той иесі Серікті шақыртып, алғысын айтып, қалтасынан бір бума ақша алып, Серіктің қалтасына салады, «осыған риза бол бала-шағаңа шай, көмпит алып берерсің» - дейді.

Бай болса да, сараң екен деген оймен аттанып кеткен асаба былай шыға қалтасындағы ақшаны санаса, ылғи көк қағаз, бақандай 25 мың доллар екен. «Тойдан ең көп

тапқан еңбекақым сол болды» – дейді Серік.

– Ал ақысыз қызмет өткен күндерің болды ма?

– Неге болмасын! Құрбы-құрдас, жақын ағайындардан ешқандай ақша сұрамаймын. Бірде бір сыйлы ақсақал келіп, тойды атқарып беруімді өтінді. Бірақ, шынымды айтайын, той қамына барлық қаржымды жұмсап жібердім, несие алып, қарызға белшеден баттым. Саған төлейтін ақшам да жоқ – деді.

«Құдай үшін, тойымды өткізіп бер!» – деген кісінің сөзін тастай алмадым, барсам, құдалары дөкейлер екен, оның үстіне қыздарын ұрлап әкеткен жігітке ырза емес екен. Көп ұзамай бірнеше қымбат көлікпен олар да келіп жетті. Көліктен түсе әуелі қызын сұраған ата-ана төпсініп келсе керек, қыздарын бір-екі ауыз сөзге тартқаннан кейін анасы туған қызының жағынан шапалақпен осып жіберді. Бірақ, қыз сүйіп қосылдым, осы арадан кетпеймін деген сөзінен таңбады, ашулы құда мен құдағи көліктеріне мініп, қайтып кетті. Жылап қыз қалды. Тойдың шырқы бұзылды. Үрпінсіз біз қалдық. Содан арада жарты сағат өтті ме, өтпеді ме, жердің шаңын шығарып кеткен көліктер қайтып оралды, «ашудұшпан шайтан болды, бізден бір білместік кетті» – деп той иелерінен көшірім сұрады. Сүйтіп, ақ түйенің қарыны жарылып, той қызып жүре берді. Кейін білсек, былай шыға үш көліктің де доңғалағы жарылып, қыздың ата-анасы мінген алдыңғы көлік апатқа ұшырай жаздапты. Бұдан қорытынды жасаған жолаушылар: «біздің қылығымыз Аллаға жақпаған екен» – деп қайта оралса керек. Беташардан басталған ақша лақтыру әр кісіге сөз берген сайын жалғасты. Той соңында қалтама ортаңқол тойлардан түсетін қаржыдан он есе артық ақша жиналыпты. Сүйтіп, Құдай жолына деп келген сапарым сәтті болды.

Тағы бірде аузы дуалы, атақты кісілердің бірінің тойын атқардым. Той тарқаған соң өлгі кісі шағын дастархан жайып, алғысын айтып, «ал, балам, батамды берейін бе, ақшанды төлейін бе?» – деді. Осыдан кейін мен аузымды жиып

үлгергенше ақша деген жаман нәрсе екенің, оның өте лас екенің, адамды аздыратынын айтып, біраз дәріс оқыды. «Ал баталы құл арымас деген бата алсаң, көктейсің, көгересің, қайда жүрсең да жолың болады, ал енді бір жақсы мен бір жаманның екеуінің бірін таңда, қалағаныңды берейін!» – деді.

Маңдайдан тер шықты. Қиналған жерім осы болды. Көп ойлануға уақыт тығыз. «Ақсақал, мен де ырза, сіз де ырза болсын десек, жаңағы айтқан жақсының бәрі сіздің шаңырақта қалсын, жаманын мен-ақ алып кетейін!» – дедім. Осы сөзді естіген ақсақал «Сөз тапқанға қолқа жоқ» – деді де, батасын да берді, ақшасын да берді, сүйтіп, екі жеп, биге шықтым.

Мұндай қызықты әңгімелер, Серік айтты деген сөздер ел аузында жүр. Бір тойдың үстінде жамағаты ертерек көз жұмған, жасы жетпістен асқан қарияға балалары жиналып, «енді ән-күй, терме тыңдап жүріңіз» – деп, музыкалық орталық сатып әперіпті. Сонда Серік: «Бұл қарияға музыкалық центр емес, музыкальнй кемпір әкелгенде орынды болатын еді» – деп өзілдепті. Енді бірде көрістер арасында қонақ болып отырса, оған көрістің ұлттық тағамы деген ас ұсынылады. Сонда Серік: «Бұл біздің қазақтың ұлттық тағамы, бұл – бұрыш, артына құйғаны күріш, суытып жегенің дұрыс, мұны айтқан Серік Ыдырыс» – деп елді ду күлдіріпті.

Серікті бірде Байқоңыр қаласында өтетін ел басшыларының кездесуіне шақырады. Төрде Елбасы Н.Ә. Назарбаев пен Түркияның Президенті Сүлеймен Демирель отырады. Әуелі әкімнің тапсырмасы бойынша Елбасын мақтай бастаған ақынды Нұрекең тоқтатып: «Мақтауыңды қонаққа айт, қазақ қашаннан қонағын сыйлаған» – десе керек. Сонда Секең домбырасын қағып-қағып жіберіп, әнге басады:

Жолыңыз болсын әр кез ақ,  
Сүлеймен,  
Құдай да өзіңізге жақ,  
Сүлеймен!  
Қазақ пен түріктерді туыс қылып,  
Екі елге бір дәнекер тап,  
Сүлеймен!  
Бұрыңғы кітаптардан оқушы едік,

# ҢІСІ

қаржыландыру бойынша 2013-2015 жылдардың байқауына екі ғылыми жоба ұсынып, соның біреуін ұтып алды. Қазіргі таңда сол ғылыми жоба негізінде жүйелі жұмыс жасап жатыр. Жобаның негізгі мақсаты солтүстік Қазақстандағы астық тұқымдас тар да кездесетін саңырауқұлақ ауруына қарсы ерте диагностикалауға арналған отандық био-препараттар дайындау жұмысымен 2 жылға жуық шұғылданды. Сол жылы ғылыми жобаны толық аяқтап, бүгінгі таңда өнімді патенттеу барысымен біржола айналысып жатыр. Еліміздің астықты аймағы Қостанай облысында жыл сайын егіс алқабының 20 пайызы бидай дақылдарында кездесетін әр түрлі аурудың нәтижесінде ысырап болады екен. Аталмыш жоба осы мәселені шешуге үлкен септігін тигізіп отыр. Барлық зерттеулер ҚМУ жанындағы ғылыми зерттеу орталығында мәскеулік ғалымдардың қатысумен жүзеге асуда.

Жас ғалым өзара сұхбаттасқанда тек бұл жобаман шектеліп қалмай, алдағы уақытта бірнеше ғылыми жұмыстармен айналысатынын айрықша атап өтті. Яғни биылғы жылдың жаңалығы ретінде 2015-2017 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру байқауында инновациялық орталықтың атынан 75 ғылыми жоба жіберіліп, байқаудың нәтижесі бойынша университеттен 14 ғылыми жоба үздік деп танылды. Алдағы уақытта шетел ғалымдарымен бірлесе жұмыс жасалмақшы.

Индира 2012 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан көлеміндегі ең жас ғалымдар сапынан көрінді. Қалыптасқан дәстүрге сәйкес «Ғылым» аталымы бойынша облыстық меценаттар клубының



«Шабыт» сыйлығын иеленді. Ал, 2013 жылы университетіміздің ең үздік ғылыми қызметкері атанды. Іркіліссіз ізденісі, зор қабілеті арқасында осындай ғылымға енгізген жаңалықтары мен жетістіктері ескеріліп, облысымыздың «Алтын жастар» қатарына 2014 жылы есімі еніп отыр.

Индираның айтуынша, адам өмірде екі нәрседен қателеспеуі қажет екен. Оның біріншісі мамандықты, екіншісі өмірлік серігіңді таңдау. Бейшова бұл екеуінен де шалыс баспаған. Ғылыми идеялар қаржылық жағынан қолдау тапса іс ылғи алға жылжиды. Ғалым өзі жас болса да екі магистрант тәрбиелеп шығарып, олар да жұмыс істеп жатыр. Дәл қазір төрт магистранттың ғылыми жетекшісі ретінде ғалым пайдалы ақыл-кеңесін беріп жүр.

Болашақ – жастардың қолында! Біз Индира Бейшова сияқты үнемі ізденіс жолында жүрген жас ғалымға қиындығы да, қызығы да мол ғылым жолында жаңа жеңіс тілейміз!



# ҚИЯ ЖОЛДЫҢ ЖЕ

Егеменді еліміздің өркениетке сай ілгері дами түскен білім саласына зер салсақ, зерек, зерделі, алғыр жастар жағы жас құрақтай желкілдеп өсіп келе жатқанын аңғарамыз. Соңғы жылдары «Алтын кітапқа» енген жастар қатары көбейіп келеді. Солардың бірі, университетіміздің мақтанышына айналған, ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, доцент Индира Бейшова. Ол ең алдымен өз жүрегі қалаған мамандықтың майталманы. Адал

морфизымы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Зауытта жұмыс істеп жүрген жылдары жас ғалым көптеген шетелдік машықтану курстарынан өтті. Мәселен 2008 жылы Прага қаласының Чеш иммуногендік зертханасында болды. Мәскеу қаласындағы Бүкілресейлік мал дәрігерлік институтында және 2014 жылы М. М. Шемякин және Ю.А.Овчинников атындағы биоорганикалық химия институтында тәжірибеден өтіп, зердесіне



Диана ИЗБАСАР,  
ҚМУ ГӘФ  
журналистика  
мамандығының  
3 курс студенті

жар, отбасының ұйытқысы, екі баланың анасы. Өмірбаяндық деректерінен сыр шертсек, 2006 жылы Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының «биология және химия» факультетін тәмәмдады. Аты әйгілі «Қазақ тұлпары» Қостанай жылқы зауытында ғылыми қызметкер болып жұмысын бастады. Аталған мекеме директоры, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы Нәбидолла Аханұлы Кикебаевтың жетекшілігімен 2010 жылы С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың жанындағы ғылыми кеңесінде «Қостанай жылқы тұқымының негізгі аталық іздерінің генетикалық поли-

тоқығанын өз қызметінде кәдеге жаратты. Бұл күнде Индира Бейшова А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің аграрлық биологиялық факультетіндегі биология және химия кафедрасында аға оқытушы, доцент. Жалпы осы оқу орнында еңбек етіп жүргеніне биыл 3 жыл болды. Ғалым университеттің инновациялық білім беру орталығында ғылыми жобалармен тұрақты айналысады. Жыл сайын Білім және ғылым министрілігі гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми жобаларының байқауын өткізеді. 2012 жылы гранттық



Сен шығар көктен түскен тақ Сүлеймен,  
Мінекей нақ Сүлеймен жерге түсіп,  
Басына қонды бүгін бақ, Сүлеймен!

Қазақ ақынының сөзін аңғарып отырған түрік елінің басшысы ырзалығын білдіріп, ортаға 100 доллар тастапты. Бірақ, ақша қонақтар отырған ортада қалып, ақын оны алудың ретін таппайды. Сонда аузына табан астында мынандай жолдар орала кетеді:

Құдайым, мына мені қолдады ма,  
Қонақтың қарап тұрмын доллара.

Олжасы орта жолда тұрып қалып,  
Шынымен Серік ақын сорлады ма?

Білгендер бұл заманды зар деген ғой,

Көп адамның пейілі тар деген ғой.  
Амал жоқ, өзім алам сыбағамды,  
Қожаң берсе, қалтаңа сал деген ғой.

Сөзіме екі патша сенбейді ме,  
Ел үшін еңбек етіп, терлейді ме?!  
Бергені Сүлейменнің аздау болса,  
Қазекем тағы қосып бермейді ме?!

Елбасы осы сәтте облыс әкіміне ым қағыпты. Көп ұзатпай Қызылорда облысының бірінші әкімі болған Сейілбек Шаухамановтың пәрменімен ақынға Қармақшы ауданының орталығында он екі бөлмелі үй салынып беріліпті.

Осындайда «ақынның әрбір сөзі мың қаралық» деген сөз ойға оралады.

Әңгіме мұнымен бітпейді. Осыдан кейін облыс әкімі аудан аралап келген бір сапарында ақыннан: «үй қалай?» – деп сұрапты. Қыста салынған үйді жылытуға үш айда он тонна көмір кетеді екен. Серік аспай-саспай табан аузында: «Үй мұздай, келініз қыздай, көрпенің астынан шықпаймын, тәртіпті бұзбай» – деп жауап беріпті. Сөз тапқанға қолқа жоқ. Әкім де ақын сөзіне ырза болыпты.

Арада біраз уақыт өткенде ақын облыс орталығын қоңыс аударып, Қызылорда қаласының әкімі Бақберген Досмамбетовтен үй салуға жер сұрап барса, ескі түрменің жанындағы орыннан жер беріпті. Оның үстіне жанында орыс моласы бар екен. «Ақыным, тілегінді орындадым, енді ризасың ба?» – деген ағасына Серік: «Мына жағым – зона, мына жағым – мола, ортасынан жер бердіңіз, оған да шүкір, тоба!» – депті.

Ақынның әкесі Махмұт өмір бойы шопан болып еңбек еткен, алайда, құйма құлақ, сөзге шешен кісі болған, ұсталық кәсіппен де айналысқан. Сырқаттанып қалғанда әкесі баласына: «Менен мал қалғанша сөз қалсын, мына сөздерді өмірі есіңнен шығарма. Бүкірдің арма-

ны шалқасынан бір жату. Ай түнде керек, ақыл күнде керек, әкенің жолымен жүрмеген ұрпақ кімге керек?» – деп аталы сөз қалдырыпты.

Әке көріп оқ жонған ақын асаба болып жүрген кезінде де талай тапқыр сөздердің авторы атанды. «Иттің міндеті – ұру, асабаның міндеті – күлдіру және күлу, мастың міндеті – кіріп-шығып жүру, кемпір-шалдың міндеті – көмпит-пешінені тығу» секілді ұтқыр әзілді осы күндері кейбір асабалар жаттап алып айтып жүр.

Той үстінде екі құдағи қатты керісіп қалыпты.

Сонда асаба болып жүрген Серік дастархандағы тауықты алып, екі жас пен екі құданы, екі құдағиды ортаға шақырып, қолына пышақ алып, тауықты ыждахатпен бөле бастапты. Екі балаға екі қанатын беріп, «қанаттары талмасын, қияға бірге самғасын, мәңгі мініп жүрсінші махаббаттың арбасын» деп тілек айтып, екі құдаға төс беріп, «көңілді өтсін кешіміз, жабысып жүрсін төсіңіз, үлгі болып ұрпаққа, көкпек, өніп-өсіңіз» деген лебізін арнапты да, ал екі құдағиға құйрық беріп, «бақытты өмір сүріңдер, той қадірін біліңдер, бақыты үшін балалардың құйрықты қ...п жүріңдер, сонда балалар да тыныш болады, өмірі естімегендерің ұрыс болады» – деп басу айтыпты.

Асабаның айтқандары ел аузында жүрсе, бұл оның айтқан сөздерінің қадірін көрсетсе керек. Кейде жиын-тойларда елді күлдірем деп анайы анекдот айтып, орынсыз сөз саптаған асабаларды көргенде Серік есіме түседі. Асабаның да асылы, жасығы болады. Ақын болса, тіліп айтқан, асаба болса, біліп айтқан Серік туралы естіген әңгімелерді ғана қағазға түсірдім.

Ақылбек ШАЯХМЕТ,  
Суретте: Серік Ыдырыс  
студенттермен кездесті

# Біздің заманымыздың батыры

қандасымыз Серік Сұлтанғабиев «Ресейдің қаһарманы» атанды

Өткен жылы желтоқсан айында жерлесіміз Серік Сұлтанғабиевке «Ресей



қаһарманы» атағы берілді. Оған бүкіл Ресей жұрты сүйсінді, баласы көкпар шапса үйде отырып, тақымын қысатын ата жұрты қалпағын аспанға атып қуанды. Қазақ ұлының шет жерде жүріп тек азаматтық ғана емес, батырлық танытқанына, халқының мерейін өсіргеніне қуанды. Серік Сұлтанғабиевке осы жоғары атақ берілген кезде ол әлі Мәскеуде емделіп жатқан болатын. Қаһарманды құттықтау үшін госпитальге Ресей ішкі істер әскерлері бас штабының басшысы Виктор Золотов, Орал аймақтық ішкі істер командованиясі әскерлерінің қолбасшысы Александр Порядин және Лесной солдат аналары комитетінің төрайымы Нелли Маркелова келіпті. Свердлов облысының адам құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті өкілі Татьяна Мерзлякова да арнайы Мәскеуге барып, офицерді туған күнімен және жоғары мемлекеттік награда алуымен құттықтап, Свердлов облысының губернаторы Евгений Куйвашевтің сәлемі мен сыйлығын жеткізген.

Қыркүйек айының аяқ кезінде Свердлов облысындағы Лесной

қаласында орналасқан №3275 әскери бөлімшеде апатты жағдай орын алған болатын. Жаттығу кезінде кіші сержант гранатаны абайсызда қолынан түсіріп алады. Командир Серік Сұлтанғабиев сержантты итеріп жіберіп, гранатаны өз денесімен басып жата қалады. Жарылған граната жарықшақтарынан командир ауыр жарақат алды. Бірнеше операцияны бастан кешті. Ол апаттан құтқарып қалған кіші сержантқа

ешқандай зақым келген жоқ, аман қалды. Жарылыс жарақаты ауыр болды. Міне, екі ай бойы әлі де дыңғырап, құлан-таза айығып кете алмай жатыр. Алдымен Лесной қаласында, одан беті бері қараған соң Екатеринбургтегі ауруханада емделді. Осыдан бір ай бұрын жарақат зардабының беті қайтып, ол тасымалға жарайтын болған соң, Мәскеудегі Ресей ішкі істер министрлігінің әскери

Кеңес Одағы тарай қоймаған кез. Әскери білім алды, қызметте өсті, отбасын құрды, бала тәрбиеледі. 42 жасқа енді толған жігіт өзі тұрып жатқан елдің қорғанысын, тыныштығын ойлап, қиын қызметте шынықты. Оны Ресейдің жоғары наградасымен құттықтауында губернатор Евгений Куйвашев: «Ресей қарулы күштері қатарында әскери қызмет ете жүріп, Ресей ішкі істер әскерлері құрамында Солтүстік Кавказ бен Чеченстанда қатал шыңдалудан өткен сіз өмірді бағалауды үйреніп, оның өте нәзік екеніне көз жеткіздіңіз. Сонда болса, қиын сәт туғанда сіз өзіңіздің командирлік борышыңызды адал атқарып, өз өміріңізді қатерге тіге

**Бибігүл Боқышева, Введен орта мектебінің мұғалімі, Серіктің сыныптасы:** Мен Серікпен бір сыныпта оқыдым. «Үшпен» оқыды. (күліп алды). Бірақ тарих, география, денешынықтыру мен алғашқы әскери дайындық сабақтарынан алдына жан салмайтын. Ол өзіне ұнайтын сабақтарға ғана көңіл бөлетін. Алғашқы дайындық сабағында бойы кішкентай болып, қатардың ең соңында тұрушы еді. Қыздарға ұрынып, өзге ұлдар секілді дәрекі сөз айтқанын естіген емеспін. Үлкендерді сыйлап тұратын. Адамгершілігі мол, табанды жігіт болып өсті. Ерлік оның қолынан келетінін барлығымыздың ішіміз сезетін, рухы күшті болатын. Бірақ батыр болады деген ой келмеп еді.

**Сергей Маслий, сыныптасы:** Серікпен ауылда бірге ойнап өстік қой. Мық шеге болатын. Артық сөз айтпайтын, айтты ма, оны істемей тынбайтын. Ауылдағы бар бала әскери болуды армандайтынбыз. Мектепті бітірер алдында көп жігіттер әскери оқуға барамыз деп шештік. Бірақ жеме-жемге келгенде екі бала ғана сөзінде тұрды. Серік Челябинск жогары әскери танк командалық училищесіне оқуға түсті. Сөзін ұстаған да сол болды.

клиникалық госпиталіне ауыстырылды. «Су ішкен құдығыңа түкірме» деген аталар сөзі батырдың да ұстанымы болатын. Ресейге оқу іздеп, 1990 жылы барған. Ол кезде

отырып, басқаның өмірін сақтап қалдыңыз» дейді. Қазақ баласының өзін өзгеге мойындатуы осы болар. Серік Чеченстандағы соғыстың нағыз үйіп тұрған кезде болды.

Сол үшін II дәрежелі «За заслуги перед Отечеством» орденінің медалімен, «За



отвагу» медалімен марапатталды.

Серік Сұлтанғабиевтің туған жері – Меңдіғара ауданындағы Введен ауылы. Бұл табиғат-ананың мейірі түскен көрікті сұлу өңір. Тек табиғаты емес, халқымыздың тектілігінен хабар бергендей, тарихы да сұлу жер. Ауылдың сыртындағы Ақзират деген жерде алты сұлтан жатыр деп әңгіме шертетін ауыл ақсақалдары. Қайып ханның ұрпақтары осында тоқтаған екен деген дерек айтады тарихшылар. Шертіліп кетсе ұзақ тарих бұл. Осы жерде бала Серік таяқты ат қып мініп асыр салды. Әкесі Ғазиз жылқышы болды, анасы сауыншы еді. Бір үйде екі ұл төрт қыз – алты бала өсті.

Серіктің апалары мен қарындастары, жалғыз бауыры Еркебұлан ол Екатеринбург қаласындағы ауруханада ауыр жатқан кезде барғысы келіпті. Бірақ Серіктің өзі: «ауылда отырсыңдар, шығынданбаңдар, жол алыс, мұнда қонақ үй, жүріп-тұру қымбат. Тәуір болған соң, ауылға өзім барып қайтамын» депті. Енді Введеннің бала Серігі туған жерге батыр Серік болып оралады. Батыр –қайда да батыр.

**Айым АМАНГЕЛДІ, Қостанай облысы, Меңдіғара ауданы, Введен ауылы**

# Нұржан ақынның жинағы жарық көрді

2015 жылғы қаңтар айында Нұржан Наушабайұлының «Ұйықтама, оян, Алашым!» деп аталған жинағы жақында Астанадағы «Фоллиант» баспасынан ҚР Мәдениет министрлігінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша екі мың дана таралыммен жарық көрді.

Кітапты құрастырған және алғашы рет жазған Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры, халықаралық шығармашылық Академиясының корреспондент-мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан жазушылар одағы басқармасының мүшесі Ақылбек Шаяхмет. Автордың Нұржан шығармашылығы туралы мақаласын ұсынамыз.

Нұржан дегенде жалғанда ор киіктей заулаған, ат құлағында ойнаған, әуелетіп ән шырқап, термелетіп жыр төккен, кесек мінезді, нар тұлғалы, ел қамын ерте ойлаған, сегіз қырлы, бір сырлы жігіт көз алдымызға келеді. Ия, кешегі төңкеріс қарсаңында онымен иық теңестіріп тұра алатын тұлғалар бүкіл қазақ даласында некен-саяқ болған шығар. Айтқан сөзі – мақал, қайтарған жауабы – мәтел, жазған жыры ғибрат – өнеге, шырқаған әні өсем сазға толы азаматтың бір басынан мін табудың өзі қиын еді. Міне, осындай асылынан ұзақ уақыт бойы көз жазып қалған қазекем әлі де оның жырын түгендеп, орнын тауып, сағынып қауышып жататын тұста жайбарақаттық көрсете, іш қазандай қайнап, бармағыңды шайнамағанда қайтерсің?!

Ақын жырлары негізінен толғау, терме, өсиет, тақпақ болса, оны елі де тақтақ деп атаған. Тақтақ сөйлесе сөзге бөгелмейтін, тау суындай сарқыраған, таңдайы тақылдаған, ылдидан шапса, төске озған ертемен шапса кешке озған жүйрік жыршы.

Нұржанның өзі де: «Сөздері топқа салынған, Бұрынғы шешен тақтақтың, Керегі көп заманға, Ескі мақал, тақтақтың. Лайығы кем деп ойлаймын, Босқа қарап жатпақтың, Эр жерден жинап, сөз қылдым, Реттеп басын қоса алмай, Сарыны осы деп соқпақтың, Жастықпен жүріп өуре боп,



Әр білімнен хабарсыз, Ісін істеп ақымақтың. Бұл күнгіше бос жүрдік, Өмірді зайғы өткізіп, Көзін ашпай бұлақтың», – дейді.

Ақынның тақпақ, терме, толғауларының барлығында дерлік бүгінде қанатты сөздерге айналып кеткен фразеологиялық сөз тіркестерін жиі ұшыратамыз. Өйткені, Жиреншені үлгі тұтқан ақынның өзі де ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен болған. Ол өзі өмір сүріп отырған заманның қабағынан шошиды, «адамның жақсысы кетіп, жаманы қалған, жылқының жүйрігі кетіп, шабаны қалған, бидайдың дәні кетіп, сабаны қалған» тұрақсыз жалғаннан түңіледі, қайырсыз байларды, еріншек жандарды сынайды. Нұржанның «Ғалымдық дариясынан іштім қанып» – деген сөзіне қарағанда, жан-жақты білім алғаны аңғарылады.

Нұржан өнеріне жазушы Сәбит Мұқанов «Халық мұрасы» кітабында кең тоқталып, академик жазушы оны дарынды ақын деп бағалайды.

Нұржан 1918 жылы «Қазақ» газетіне «Алашордаға» деген өлеңін бастыртады.

«Бірлік қылсаң, Алашым, Ілгері қарай басасың. Қол ұстасып ұмтылсаң, Қатар жұрттан асасың. Атағың мәңгі қалдырып, Жасасын Алаш, жасасын!» – деген жолдардан оның «Ұйықтама, оян, Алашым!» жырларының жалғасын тапқанын аңғарамыз.

Қазіргі уақытта ақын басы қарайтылып, құлпытас орнатылды. Онда: «Қазақтың біртуар ақыны Нұржан Наушабайұлы» деген бірақ ауыз сөз жазылған. Ақынның туған ауылында ескерткіш белгі қойылды. Қостанай ауданындағы қазақ орта мектебіне ақын есімі берілді. Нұржан шынында да біртуар ақын. Оған ешкімнің таласы болмас. Ақынның жаңа жинағынан оқырман әдебиетіміздің асыл мұрасын табады.